

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі  
«М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГУУ Университеті»

«Қорғауға жіберіледі»  
Бағдарлама жетекшісі/координаторы

*Бабаджанов Е.М.*

«9» маусым 2022 ж.

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ**

Тақырыбы: «Бой бермейтін күш пен азаматтық-құқықтық  
жауапкершіліктің өзара ықпалдастығы»  
7M04211 – «Құқықтану» оқу бағдарламасы

Орындаған:

Л. А. Алашева

Ғылыми жетекші:

Ph.D M.A. Естемиров

Нұр-Сұлтан, 2022

БЕКІТЕМІН  
Бағдарлама жетекшісі/координаторы

*А. А. А.*  
2022 ж.

Магистрлік диссертацияны орындау бойынша күнтізбелік жоспар

Жоба кезеңдерінің атауы	Мерзімі	Жобаның кезеңдерін іске асыру туралы белгі			
		Нақты орындау мерзімі	Жобаның орындалған кезеңінің дайындық дәрежесі	Магистранттың (магистранттардың) қолы	Ғылыми жетекшінің (Ғылыми жетекшілердің) қолы
Әдебиет пен тәжірибелік материалдарға шолуды жүзеге асыру	01.10.2020-31.12.2020	31.12.2020	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Әдіснаманы әзірлеу	01.10.2020-31.01.2021	31.01.2021	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Деректерді жинау және өңдеу	01.12.2020-01.02.2021	01.02.2021	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Алынған нәтижелерді талдау және түсіндіру	02.02.2021-31.05.2021	31.05.2021	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Жоба бойынша ұсынымдар әзірлеу	01.06.2021-25.03.2022	25.03.2022	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Кіріспе мен қорытынды дайындау	01.06.2021-01.03.2021	01.03.2021	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Диссертацияны (жобаны) рәсімдеу: Жобаның I бөлімін дайындау	02.03.2021-31.08.2021	31.08.2021	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Жобаның II бөлімін дайындау	01.09.2021-31.01.2022	31.01.2022	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Ғылыми жетекшінің (Ғылыми жетекшілердің) пікірін алу	01.05.2022-09.06.2022	09.06.2022	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Баяндама, көрнекі құралдар мен презентациялар дайындау	08.06.2022-10.06.2022	10.06.2022	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>
Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау	16.06.2022	16.06.2022	100%	<i>А. А. А.</i>	<i>А. А. А.</i>

Магистрлік диссертацияның (жобаның) Ғылыми жетекшісі *А. А. А.*  
(Аты-жөні, лауазымы және қолы)

Жоспар орындалуға қабылданды *Алишева Л.А.*  
(Аты-жөні, магистранттың қолы)

## МАЗМҰНЫ

<b>ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ</b> .....	5
<b>КІРІСПЕ</b> .....	6
<b>I-ТАРАУ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ БОЙ БЕРМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ</b> .....	10
<b>1.1. Бой бермейтін күш ұғымының жалпы түсінігі мен белгілері</b> .....	10
<b>1.2. Бой бермейтін күш жағдайының өзге мазмұндас ұғымдардан ерекшелігі</b> .....	15
<b>1.3. Шет мемлекеттер заңнамасында бой бермейтін күш ұғымының қолданысы мен реттелуі</b> .....	18
<b>I-Тарау бойынша тұжырым</b> .....	24
<b>II-ТАРАУ БОЙ БЕРМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ӘСЕРІ</b> .....	26
<b>2.1. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері</b> .....	26
<b>2.2. Бой бермейтін күш жағдайы – азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде</b> .....	29
<b>2.3. Сот тәжірибесінде бой бермейтін күш жағдайларын анықтау барысындағы кететін ақаулықтар</b> .....	43
<b>II-Тарау бойынша тұжырым</b> .....	50
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	52
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ</b> .....	56
<b>ҚОСЫМША</b> .....	61

## **ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ**

АК – Азаматтық Кодекс

ҚР – Қазақстан Республикасы

МАЭС – Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот

ОҚО – Оңтүстік Қазақстан облысы

РФ – Ресей Федерациясы

ШҚО – Шығыс Қазақстан облысы

ҚР ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

## КІРІСПЕ

**Зерттеу өзектілігі.** Соңғы жылдардағы коронавирустық індеттің себебінен дүниежүзін үрей билеп, сонымен бірге азаматтық-құқықтық қатынастардың тұрақтылығы да сынға түсті. Мемлекеттердің шекаралары жабылып, іскерлік қатынастар саябырлады. Кәсіпкерлердің өздеріне алған міндеттемелерін орындай алмауы жиіледі. Осы тұста, аталған жағдайдың бой бермейтін күш болып табылатын не табылмайтындығына қатысты іскерлік айналымда мәселе туындады. Бұған қатысты ҚР ЖС тиісті түсіндірмесі жарияланғанымен, бұл бой бермейтін күш құқықтық санатының аясындағы барлық мәселелерді шешуге жәрдем бере алмады. Бір қарағанда бәрі анық секілді, дегенмен тереңірек үңілер болсақ, бұл құқықтық санат өзінде белгілі бір екіұштылықты қамтиды. Оны біз бой бермейтін күш жағдайын онымен мазмұндас ұғымдармен шатастыру негізінде, бұрыс пікір пайда болып, борышкерлер кінәлі түрде шарттық міндеттемелерін орындамаса да жауапкершілікке тартырмай жататын мәселелер бойынша көре аламыз. Бұл іскерлік айналымдағы тәуекелдің өсуіне алып келеді.

Мазмұндас ұғымдармен бой бермейтін күш жағдайларын шатастыру мәселесі, соңғысының белгілерінің толық деңгейде ашылмауынан туындап отыр. Зерттеушілер осы күнге дейін бой бермейтін күштің біліктілік белгілеріне түрліше сипат беріп, ортақ бір пікірге келмеуде. Біздің заңнамада да бой бермейтін күштің белгілері толыққанды ашылмаған. Осы пайымдар себепті осы зерттеу аясында осы мәселеге баса назар аударылады. Себебі бой бермейтін күшті анықтайтын белгілер тиісті деңгейде айқындалмайынша біз белгілі бір жағдайларды бой бермейтін күшке жатқызу мәселесін шеше алмаймыз. Бой бермейтін күштің біліктілік белгілері өз кезегіне борышкерді азаматтық құқықтық жауапкершілікке тарту мәселесіндегі сүзгі болып табылады. Осы сүзгі тиісті дәрежеде реттелген жағдайда, азаматтық құқықтық жауапкершілікке борышкерлерді тарту не босату бойынша даулар оңай шешу жолын табады. Бұған байланысты бой бермейтін күш құқықтық санатын қайтадан талдап, оның мазмұны мен белгілерін доктриналдық тұрғыдан зерттеп, тәжірибе тұрғысынан саралап, қазіргі таңдағы құқықтық қатынастарды реттеуде жәрдем бере алатын қорытындылар жасау қажеттілігі туындап отыр.

Жоғарыда сипатталған пайымдар осы диссертациялық зерттеудің ғылыми және тәжірибелік өзектілігін анықтайды.

**Зерттеудің мақсаты мен негізгі міндеттері:** Жұмыстың мақсаты бой бермейтін күш жағдайларының негіздерін жүйелеу және оның негізінде жауапкершіліктен босатуға байланысты құқықтық нормаларды қолдану

тәжірибесінде туындаған бірқатар даулы мәселелерді шешуге негіз болатын ережелерді әзірлеу.

Осы мақсатқа жету келесі **міндеттерді** шешу негізінде жүзеге асырылады:

- бой бермейтін күш ұғымының құқықтық табиғаты мен қазіргі кезеңдегі маңыздылығын анықтау;

- бой бермейтін күш жағдайының өзге мазмұндас ұғымдардан ерекшеліктерін айқындау;

- бой бермейтін күштің азаматтық-құқықтық жауапкершілікке ықпалын талдау.

**Зерттеу объектісі** – шарттық міндеттемелерге бой бермейтін күштің ықпалы аясында туындайтын азаматтық-құқықтық қатынастар.

**Зерттеу пәні** – Қазақстан Республикасының азаматтық заң нормалары, бой бермейтін күш және оның азаматтық құқықтық жауапкершілікке әсері бойынша доктриналды тұрғыдағы мағлұматтар және бой бермейтін күш жағдайлары негізінде азаматтық құқықтық жауапкершілікке тарту не босату бойынша сот тәжірибесі.

**Зерттеудің теориялық негізі.** Диссертация аясында М. К. Сүлейменов, Ю. Г. Басин, А. Г. Диденко, В. Лапач, К. В. Мукашева, А. Лобков, К. Есенжулова сынды отандық зерттеушілердің еңбектері талданылды. Сондай-ақ осы мәселені зерттеген Е. А. Павлодский, Н. А. Скребнева, Н. М. Головин, С. Н. Иванова сияқты ресейлік зерттеушілердің еңбектеріне де назар аударылды.

**Зерттеудің тәжірибелік негізін** бой бермейтін күш негізінде азаматтық құқықтық жауапкершіліктен тарту не босату мәселесі бойынша қозғалған отандық сот тәжірибесі құрайды.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі.** Диссертацияның әдіснамалық негізін жалпы және арнайы ғылыми әдістер құрады. Атап айтқанда, талдау, синтез, индукция, дедукция, формальды құқықтық әдіс, тарихи құқықтық әдіс және жіктеу (жүйелеу) әдістері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығын** Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына бой бермейтін күш құқықтық санатына арналған ережелерді жетілдіру мақсатында ұсынылған ережелер құрайды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей қорғауға шығарылатын ережелерден көрініс табады:**

1. Доктрина және нормативтік құқықтық актілердегі анықталған бой бермейтін күштің екі біліктілік белгісі бар, бұлар төтенше мән-жай мен тойтарылмайтын мән-жай. Қазіргі таңда төтенше мән-жай белгісі дұрыс айқындалмауы борышкерлердің заңсыз азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылуына алып келеді, сондай-ақ сот тәжірибесіне

жүргізілген талдау негізінде бұл белгінің анықтамасы жалпылама ғана берілгені және ол нақты бой бермейтін күшті анықтауға келмейтінін көрсетеді. Осының негізінде төтенше мән-жай белгісіне келесідей анықтама берілді: «Төтенше мән-жай – бұл тұлғаның іс-әрекеттеріне тікелей әсер ететін, кенеттен, қоғамға таныс айрықша құбылыстарға тең келетін немесе олардың шегінен шығатын ерекше жағдайды білдіретін белгі»;

2. Бой бермейтін күш ұғымы қолданыстағы қазақстандық заңнамада әр түрлі терминдермен беріліп отыр, яғни «еңсерілмейтін күш», «дүлей күш» терминдерімен, алайда бұлар бой бермейтін күш ұғымын толық ашпайды және бұл ұғымның тек бір белгісін ғана білдіреді. Бұл ұғым ҚР АҚ-нің 182-бабының 1-тармағының 1-тармақшасы, 429-бабының 2-тармағы, 652-бабының 1-тармағы, 702-бабының 2-тармағының 1-тармақшасы, 704-бабының 1-тармағы, 779-бабының 1-тармағы, 789-бабының 1-тармағы, 931-бабының 1-тармағы, 950-бабында қолданылады. Осы себепті қазақ тілінде ортақ бір ұғымға тоқталу ұсынылуда;

3. Бой бермейтін күш жағдайына әдетте, құқықтық белгісіздік тән болады. Осы себепті де әрдайым жағдай бой бермейтін күш болып табыла ма, әлде жоқ па, деген сұрақтар жиі туындайды. Мұндай мәселенің бар екенін зерттеу барысында талданған сот тәжірибесі де дәлелдейді. Осы себепті зерттеу аясында соттар және өзге де құқыққолданушылар қолдана алатын тиісті сот тәжірибесіне жүргізілген шолуды ұсынамыз. Өзірленген бұл құжатқа келесі атау берілді: «Бой бермейтін күш ұғымын қолдану жөніндегі сот тәжірибесіне жүргізілген шолу». Шолу келесі мәселелерді қамтиды: 1) егер орын алған жағдай бой бермейтін күштің төтенше мән-жай және тойтарылмайтын мән-жай белгілерін қамтыса ғана сот орын алған жағдайды бой бермейтін күш ретінде таниды және борышкерді жауапкершіліктен босатады; 2) егер шарттық міндеттемелер орындау мерзімі ішінде бой бермейтін күш жағдайлары орын алса, онда талап қою мерзімін есептеу тоқтатыла тұрады; 3) тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда, егер борышкер мұндай бұзушылық бой бермейтін күш әсерінен болғанын дәлелдей алса жауапкершіліктен босатылады; 4) егер тауарды сатушыға үшінші тұлғалар бой бермейтін күштің себебі бойынша мерзімде жеткізбеген жағдайда, тауарды жеткізу мерзімі өткізген сатушы сатып алушының алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті көтермейді; 5) егер тұлға бой бермейтін күш жағдайы басталғанын біле тұра шарт жасаған болса, онда шарттық міндеттемелерді орындамау салдарын толық көлемде көтереді; 6) сақтау шарты негізінде сақтау орынында орын алған техникалық ақаулықтар және үшінші тұлғалардың (теріс пиғылды) іс-

әрекеттері бой бермейтін күш ретінде танылмайды және бұның салдарынан сақтаушы тарапынан кеткен шарттық міндеттемені тиісінше орындалмауы бойынша жауапкершіліктен босатпайды.

**Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы:** диссертация негізінде жасалған тұжырымдар азаматтық құқықтық салада бой бермейтін күшті пайдалану бойынша мәселелерді әрі қарай зерттеуде, бұл ұғымның тәжірибедегі қолданысында қолғабыс болады деп санаймыз.

**Зерттеу жұмысы** кіріспеден, алты бөлімшені қамтитын екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, сот шешімдерінің тізімінен және қосымшалардан тұрады.



# І-ТАРАУ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ БОЙ БЕРМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

## 1.1. Бой бермейтін күш ұғымының жалпы түсінігі мен белгілері

Бой бермейтін күштің жалпы мазмұны бізде ҚР АҚ-нің 359-бабында берілген және келесідей анықталған: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді<sup>1</sup>. Бой бермейтін күш бұл қазақстандық доктринада көп зерттелмеген құқықтық конструкция болып табылады. Кеңес одағы тұсындағы Азаматтық заңнама мазмұнында да бой бермейтін күш төтенше және тойтарылмайтын белгілер тән оқиға деп түсіндірілді. Қазіргі кезде де бой бермейтін күш жағдайы ҚР АҚ-нің 359-бабында дәл осы екі белгілерімен сипатталып отыр.

Бой бермейтін күш жағдайы заңнамада әлі де қысқа тұжырымдалған және тек екі белгімен яғни, төтенше мән-жай және тойтарылмайтын мән-жай арқылы сипатталады. Бой бермейтін күш ұғымы осы белгілер арқылы ашылып келді. Дегенмен, бүгінгі таңда заң ғылымы мен технология айтарлықтай дамыды. Өз кезегінде, бұл аталған ұғымды басқа да біліктілік белгілерімен толықтыруға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен, талдауды негізгі заңнамалық белгілерден бастасак.

**Төтенше мән-жай.** Төтенше жағдай ұғымын заң шығарушы жеткілікті түрде ашпайды, ал заңгерлер оны әр түрлі түсінеді. Егер де бұндай түсіндірмелерді талдайтын болсақ, қазіргі таңда төтенше мән-жай – бұл бәріне таныс қатынастарға қарағанда, үйреншікті өмір сүру калпының шегінен шығатын ерекше жағдай ретінде түсіндіріледі.

Е. А. Павлодский төтенше белгіні ерекше, өте үлкен және бәрінен үстем белгі ретінде сипаттаған.<sup>2</sup> Осы секілді С. Н. Иванова өз еңбектерінде

---

<sup>1</sup> Азаматтық кодексе ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 20.05.2021ж.)

<sup>2</sup> Павлодский Е.А. Избранное / Составители: канд. юрид. наук Ю.Н. Кашеварова, канд. юрид. наук М.Л. Шелютто — М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации, 2010. Б. 62

төтенше белгіні қалыпты емес, күнделікте орын алмайтын ерекшелік, кенеттілік және т.б. ерекше қасиеттерімен сипатталатын жағдай және осы қасиеттердің барлығы бірігіп қана төтеншелікті қалыптастырады<sup>3</sup> деп түсіндіреді. Өз кезегінде А. Кравцовтың осы мәселе бойынша көзқарасын А. С. Осташенко өз мақаласында келтірген еді. Атап айтқанда, А. Кравцов бұл белгіні олай кең мағынада түсіндірудің қажеттілігі жоғын алға тартып, шектеулі түрде түсіндіру қажет деген болатын<sup>4</sup>. Сөйтіп, төтеншелік әдеттен тыс үлкен күште көрініс тапқан жағдайда ғана бой бермейтін күш ретінде танылуы керек.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдайтын болсақ төтенше мәнжай деп қоғамда күнделікті жағдаяттарда орын ала бермейтін, күші ерекше жоғары жағдай. Егер осы анықтамамен шектелетін болсақ, онда жылда қыс мезгілінде еліміздің әралуан аймақтарында болатын қарлы борандарды немесе сейсмикалық тұрғыдан белсенді болып табылатын аймақтардағы жер сілкіністерін немесе жылда қайталанатын өзге де құбылыстарды біз ерекше жағдай ретінде тани аламыз ба? Шындығында бұлар алдын ала болжауға болатын құбылыстар, бірақ оған қарамастан бұлар шұғыл және ерекше жағдай болып табылады. Мәселен, Павлодар облысының МАЭС-ында 2019 жылдың 3 сәуіріндегі № 5501-19-00-2/394 ісі бойынша жауапкер автокөлік жабдықтарын жеткізу керек еді. Шарттың талаптары бойынша жабдықтарды жеткізу шарт жасалғаннан кейін күнтізбелік 30 күнді құрайды. Алайда жауапкер жабдықтарды дер кезінде жеткізе алмады, себебі ауа-райының бұзылуына байланысты қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында жүргізуші жолға шықпағанын алға тартты. Сондай-ақ 112 нөмірінен (төтенше жағдайлар департаментінің бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің телефон нөмірі) келген СМС-хабарламалар бұл жағдайды растап отыр. Осылардың негізінде сот жауапкерді жауапкершіліктен босатты<sup>5</sup>.

---

<sup>3</sup> Иванова С.Н. Относительный характер непреодолимой силы // Бизнес в законе. - 2008. - № 3. Б. 122 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otnositelnyy-harakter-nepreodolimoy-sily> (Өтінім берілген күн: 31.05.2021ж.)

<sup>4</sup> Осташенко А.С. Обстоятельства непреодолимой силы // Вестник науки и образования. – 2018. – № 8(44). Том 1. Б. 61 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obstoyatelstva-nepreodolimoy-sily> (Өтінім берілген күн: 05.06.2021ж.)

<sup>5</sup> Павлодар облысының МАЭС-ында 2019 жылдың 3 сәуіріндегі № 5501-19-00-2/394 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: [https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/ca95db49-7928-47ba-b69c-a0dc6\\_fbfacea](https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/ca95db49-7928-47ba-b69c-a0dc6_fbfacea) (Өтінім берілген күн: 06.05.2021ж.)

Осылардың негізінде жоғарыда көрсетілген анықтамалар белгілі бір кемшіліктерге ие екенін көріп отырмыз. Біз төтенше мән-жайға анықтама берерде оның жалпылама анықтамасына емес, нақты бой бермейтін күшті анықтауға арналған арнайы түсіндірме беруіміз қажет. Осылайша төтенше мән-жай – бұл тұлғаның іс-әрекеттеріне тікелей әсер ететін, кенеттен, қоғамға таныс айрықша құбылыстарға тең келетін немесе олардың шегінен шығатын ерекше жағдайды білдіретін белгі.

**Тойтарылмайтын мән-жай.** Бұл белгі өзінің сөздік мағынасы қарсы тұруға келмейтін жағдайларды білдіреді. Бұл белгіні көптеген ғалымдар бой бермейтін күшті сипаттаудағы маңыздылығы бойынша бірінші орынға қояды. Мәселен, Е. А. Павлодский айтады: «тойтарылмайтын мән жәй бой бермейтін күштің ең негізгі анықтаушы сипаты болып табылады»<sup>6</sup>. Алайда мұнымен келіспейтін зерттеушілер де бар. Бұндай ғалымдар тойтарылмайтын белгіні бой бермейтін күштің төтеншелігін сипаттауда қосымша анықтаушы сипат ретінде атайды. С. Н. Иванова өз мақаласында Е. С. Каплунованың жоғарыдағы тұжырымды алға тартып тойтарылмайтын белгі бой бермейтін күшті анықтағанда тек оның объективті жағын дәлелдеу үшін ғана қолданылатын қызмет етуші, көмекші ұғым болып табылады деп анықтағанын жазды.<sup>7</sup>

Осы талданып жатқан белгіні одан әрі ашып көрсету мақсатында сот тәжірибесінен мысалдар келтірсек.

Бұл Алматы қаласының МАЭС 2017 жылдың 5 мамырындағы №7527-17-00-2/3407 шешімі. Талапкер материалдық залалды өндіруді сұрайды. Бұл істің мән-жайы бойынша 2016 жылы 14 шілдеде тараптар арасында жүкті жер үсті көлігімен тасымалдауға өтінім-шарт жасалды. Жауапкер берілген жүкті Алматы – Ташкент тасжолы арқылы жеткізу керек еді, міндеттемелерін орындау барысында 2016 жылғы 27 шілдеде жүк машинасы жүріп бара жатқанда жанып кетті, нәтижесінде жүк бөлігінде орналасқан мүлікпен бірге толығымен жойылды. Жауапкердің айтуы бойынша Алматы – Ташкент тас жолы бойымен 493 км. қозғалыс кезінде қарсы келе жатқан автокөліктен зардап шеккен, яғни қарсы автокөліктен жүк көлігіне зат лақтырылған, содан кейін лапылдап өрт шыққан. Бұл

---

<sup>6</sup> Павлодский Е.А. Избранное / Составители: канд. юрид. наук Ю.Н. Кашеварова, канд. юрид. наук М.Л. Шелютто — М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации. - 2010. Б. 65

<sup>7</sup> Иванова С.Н. Относительный характер непреодолимой силы // Бизнес в законе. - 2008. - № 3. Б. 123 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otnositelnyy-harakter-nepreodolimoy-sily> (Өтінім берілген күн: 31.05.2021ж.)

бойынша қылмыстық іс қозғалған болатын. Қылмыстық іс шеңберінде өрт-техникалық сараптама жүргізілді, оған сәйкес өрттің пайда болуының техникалық себебі бөгде ашық от көзі болып табылды. Келтірілген дәлелдер орын алған жағдайда жауапкер тарапынан кінәнің жоқ екенін айғақтайды, тиісінше талапкерге келтірілген залалды тасымалдаушыға жүктеуге болмайды. Сот ҚР АҚ-нің 359-бабының мәнінен бой бермейтін күш мән-жайларының төтенше және тойтарылмайтын сипаты әрбір нақты жағдайға, нақты міндеттемені орындау орны мен сипатына қатысты қаралуға тиіс деген пайымды алға тартады. Бұл ретте өрт жағдайы төтенше және тойтарылмайтын сипатқа ие, себебі өрттің шығу себебі сыртқы ашық от көзі болды. Осылайша сот жауапкерді жауапкершіліктен босатты<sup>8</sup>.

ШҚО Өскемен қалалық сотында 2019 жылы қаралған іс бойынша талапкер материалдық залалды өндіріп алу туралы сотқа талап арыз береді, себебі жауапкердің кесірінен жүк жойылды. Істің мән-жайлары бойынша 2018 жылғы 10 қазанында тараптар арасында жүк тасымалдау шарты жасалды. Жауапкер өзінің жеке автокөлігі «Renault RVI» арқылы жүкті Өскемен қаласынан Семей қаласына жеткізу керек еді. Шартқа отырған күні жауапкер жүкті көлікке тиіп, жолға шыққан болатын. Алайда жолда өзінің көлігінің резеңке шлангілер жанып жатқанын байқады. Жауапкер қолынан келгенше жүкті сақтап қалу мақсатында іс-әрекеттер жасаған болатын, ол көмек келгенге дейін тіркемесімен тіркелген кабинетіне ағытқысы келді, алайда бұл оның қолынан келмей Семей қаласынан төтенше жағдай бойынша қызметкерлер көмекке келгенге дейін автокөлік толығымен жанып кетті. Төтенше жағдайлар қызметінің жүк автокөлігінің өрті туралы актіде өрттің пайда болу орны қозғалтқыш бөлігі болғаны анықталып, өрттің себебі қауіптілігі жоғары қозғалтқышты абайсыз пайдалану болды. Бұл істе жүк сақталмаған жағдайда кінәнің жоқтығын дәлелдеу ауыртпалығын тасымалдаушы көтеретініне сот назар аударды. Жоғарыда айтылғандай, уәкілетті орган жоғары қауіпті қондырғыны абайсыз пайдаланудың өрттің шығуына алып келгендігі жайлы байлам жасайды. Демек, бұл жағдай ҚР АҚ-нің 359-бабына сәйкес бой бермейтін күш жағдайына жата алмайды. Сондай-ақ жауапкер өрттің өзге себептерін ұсынған жоқ. Осылайша сот талапкердің талабын қанағаттандырды<sup>9</sup>.

---

<sup>8</sup> Алматы қаласының МАЭС 2017 жылдың 5 мамырындағы №7527-17-00-2/3407 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfі» // URL: <https://sudebnik.bestprofі.com/document/view/9ff173a3-2f03-41d3-a43b-757459c812f8> (Өтінім берілген күн: 06.05.2021ж.)

<sup>9</sup> ШҚО Өскемен қалалық сотының 2020 жылғы 1 сәуір №6328-19-00-2/824 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfі» // URL: <https://sudebnik.bestprofі.com/document/view/f820af99-5cbb-46a6-8cc1-85c5f8 fa3b66> (Өтінім берілген күн: 06.05.2021ж.)

Осы екі істі талдап көрсек, істің мән-жайларының бір-біріне келетінін көреміз, яғни екі жағдайда да тасымалдау шарттары жасалған, жауапкерлер жүкті тиісті орынға дейін жеткізу керек еді, екеуінде де тасымалдау кезінде өрт жағдайлары орын алып, жүктер жойылған болатын. Бой бермейтін күштің бірінші белгісі бойынша орын алған жағдай төтенше мән-жай сипатына ие, себебі жүргізушілер өрт болатынын алдын-ала ескере алмайтын еді. Өрт кенеттен пайда болды және жүргізушілер үшін қауіп, шұғыл жайдайды тудырды. Екінші тойтарылмайтындық белгісі бойынша біз әр істі дербес қарауымыз қажет. Нақты айтқанда, бірінші істе өрттің пайда болу себебі сыртқы ашық өрт көзі болса, екінші жағдайда себеп көзі қауіптілігі жоғары қозғалтқышты абайсыз пайдалану болды. Бірінші жағдайда жауапкер өрттің пайда болуын тойтарып, оның алдын ала алмаушы еді, ал екіншісінде егер жүргізуші көлікті уақытылы тексеріп, автокөлік бөліктерінің жұмыс жасау жағдайларын қарағанда объективті тұрғыдан мұндай жағдайдың болуын алдын алуға болушы еді.

Демек, біз нақты белгілі бір жағдайды абсолютті түрде бой бермейтін күш жағдайы ретінде тани алмаймыз. Осыған қарамастан кейбір ғалымдар бой бермейтін күшке жататын жағдайлардың жоба тізімін жасауды ұсынады. Н. М. Головиннің еңбегінде бой бермейтін күшке табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқындары, өрттер), билік органдарының мемлекеттің шешімдері (импортқа немесе экспортқа тыйым салулар, валюталық шектеулер және т.б.), ереуілдер, азаматтық толқулар, соғыс және әскери іс-қимылдар, революциялар жатқызылуы тиіс<sup>10</sup>. Ал И. С. Иванова бұл мәселені тереңірек зерттеп бой бермейтін күшті пайда болу көздеріне байланысты бөлуді ұсынды: 1) әкімшілік-құқықтық 2) саяси; 3) табиғи-климаттық; 4) техногенді өндірістік; 5) кәсіпкерлік айналым; 6) көліктік; 7) ғылыми-эксперименттік; 8) әлеуметтік; 9) әскери операциялар; 10) эпидемиялар<sup>11</sup>.

В. Лапач өз еңбегінде Б. С. Антимоновтың келесідей тұжырымын келтіреді: бой бермейтін күш бұл оған әрдайым бір оқиғалар кіретін, келесі оқиғалар жатпайтын абсолюттік категория емес, бой бермейтін күш

---

<sup>10</sup> Головин Н. М. Феномен непреодолимой силы: цивилистическое исследование: диссертация ... кандидата юридических наук: 12.00.03. – Пермь, 2013. Б. 168

<sup>11</sup> Иванова С.Н. Классификации обстоятельств непреодолимой силы в современном гражданском праве // Бизнес в законе. - 2008. - № 2. Б. 198 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/klassifikatsii-obstoyatelstv-nepreodolimoj-sily-v-sovremennom-grazhdanskom-prave> (Өтінім берілген күн: 31.05.2021ж.)

жағдайлары бұл құбылыстың орын алған жеріне, уақытына және өзгеде себеп-шарттарға байланысты болып келеді деген болатын<sup>12</sup>.

Бой бермейтін күш ұғымының келесі бір белгісі бұл жағдайдың салыстырмалылығы. Н. М. Головин өзінің еңбегінде бұл белгіні келесідей мазмұнда анықтайды: «салыстырмалылық белгісі объективті болуы керек, яғни субъективті алғышарттарға емес, орын мен уақыт жағдайларына байланысты болуы қажет деп белгілейді»<sup>13</sup>.

Келесі тағы бір біздің заңнамада жанама аталып өтетін белгі бұл себептік салдарлық байланыс, бұл ҚР АҚ-нің 359-бабында «осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса» деп бейнеленген. Бұл жерде біз себептіп салдарлық байланыс белгісі барын айта аламыз. Демек, туындаған бой бермейтін күш мән-жайлары мен міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі не кешіктірілуі арасында себеп-салдарлық байланыстың болуы қажет, сол кезде ғана борышкерді жауапкершіліктен босатуға болады.

## **1.2. Бой бермейтін күш жағдайының өзге мазмұндас ұғымдардан ерекшелігі**

Борышкерді азаматтық жауапкершіліктен босатуға әкелетін жағдайлар ретінде Б. Т. Велиева өз еңбегінде О. Н. Садиковтың келесідей мән-жайларды алға тартқанын көрсетеді: несие берушінің кінәсі, оқиға және бой бермейтін күш<sup>14</sup>. «Форс-мажор» және «бой бермейтін күш» ұғымдарын синонимдер ретінде бірдей мағынада қолдану көбінесе заң әдебиетінде кездеседі. Кәсіпкерлер шарттар жасаған кезде әдетте, шартта форс-мажор ретінде бой бермейтін күш жағдайларын көрсетеді және олардың

---

<sup>12</sup> Лапач В. Обстоятельства вне контроля сторон и их влияние на развитие обязательства // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Избранное Том V (Выпуски 36-45) 2010-2017 гг. (Под редакцией доктора юридических наук, профессора А.Г. Диденко) // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32118836&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32118836&pos=6;-106#pos=6;-106) (Өтінім берілген күн: 20.05.2021 ж.)

<sup>13</sup> Головин Н. М. Феномен непреодолимой силы: цивилистическое исследование: диссертация ... кандидата юридических наук: 12.00.03. – Пермь, 2013. Б. 67

<sup>14</sup> Б. Т. Велиева Основания освобождения предпринимателей от гражданско-правовой ответственности // Закон и Право. – 2019. №8. Б. 63 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovaniya-osvobozhdeniya-predprinimateley-ot-grazhdansko-pravovoy-otvetstvennosti> (Өтінім берілген күн: 02.07.2021ж.)

болжамды тізімі беріледі. Біздің ойымызша, «бой бермейтін күш», «форс-мажор», «форс-мажорлық ескертпе» ұғымдарының арасында нақты шекара белгілеу қажет болып табылады.

Н. М. Головин өз еңбегінде Р. Н. Кузнецов пен О. Лапаеваның бұл екі ұғымның әрбірін дербес қарау қажет деп санау керектігі жайлы бірдірген пікірлеріне назар аударады<sup>15</sup>. М. К. Сулейменов те өзінің еңбегінде «бой бермейтін күш» және «форс-мажор» ұғымдары бір емес, яғни әртүрлі екенін айтып «Форс-мажор» түсінігі «бой бермейтін күшке» қарағанда едәуір кең деген пікір білдірген<sup>16</sup>. Сот шешімдерінде бұл ұғымдар жиі ажыратылмайды. Мысалы, Қазақстан сыртқы сауда палатасы кәсіпкерлерге бой бермейтін күш (форс-мажор) басталғаны туралы куәлік береді, яғни екі ұғымды синоним ретінде қолданып отыр.

Алматы қаласының МАЭС-ында 2018 жылғы 12 қарашасындағы №7527-18-00-2/17786 шешіміне сәйкес Талапкер жоғалған тауардың құнын өтеу ретінде 414 230,96 рубль және тауардың жоғалуына байланысты келтірілген шығындарды өтеу үшін 405 880,90 теңге мөлшерінде берешек өндіріп алуды сұрайды. Жауапкердің айтуы бойынша жүк 21.06.2018 ж. №AL011662 өтінімі бойынша өндірістік-қойма кешенінің өрт нәтижесінде 28.06.2018 ж. жойылды. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Өрттің шығуына кінәлі адамды анықтау мүмкін еместігіне байланысты сотқа дейінгі тергеу тоқтатылды. Жауапкердің орын алған өртте кінәсі жоқ және жүкті осылайша жою бой бермейтін күш жағдайы болып табылады, ол үшін тараптардың ешқайсысы жауапты болмайды. Істің мән-жайларына сәйкес Жауапкер Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Қайрат шағын ауданы, 282 мекенжайы бойынша қоймалық үй-жайларды тиісті шарттың негізінде жалға алатыны анықталды. Бұл Түркісіб ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің 2018 жылғы 11 шілдедегі анықтамасынан және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы 27.09.2018 жылғы қаулысынан, жоғарыда көрсетілген қоймасында тауарлық-материалдық құндылықтардың өртенуі орын алғанын растайды. Сот бұл мәселеде ҚР АҚ-нің 359-бабының 2-тармағына сілтеме жасап, заң актілерінде немесе шартта жауапкершіліктің немесе одан босатудың өзге де негіздері көзделуі мүмкіндігін атап өтті. Сондай-ақ сот тарап арасында жасалған шартты зерттеп, оның 5.1-

---

<sup>15</sup> Головин Н. М. Феномен непреодолимой силы: цивилистическое исследование: диссертация ... кандидата юридических наук: 12.00.03. - Пермь, 2013. Б. 112

<sup>16</sup> Сулейменов М. К. Английское право и правовая система Казахстана // Право и государство. – 2016. – № 3(72). Б. 43 // URL: <https://km.kazguu.kz/article/316> (Өтінім берілген күн: 20.06.2021ж.)

тармағына сілтеме жасайды. Бұда шартта тараптар міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындамау форс-мажорлық жағдайлар: әскери іс-қимылдар, табиғи апаттар, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, локауттар, блокадалар, табиғи және табиғи құбылыстар (су тасқыны, жер сілкінісі, перга, қар үйінділері, мұз және басқа форс-мажорлық жағдайлар) көрсетілген. Осы тармақтың мазмұнына сәйкес қоймадағы өрт жағдайына форс-мажорлық ескертпесі қолданылмайды деген қорытынды шығады деп сот тұжырымдайды<sup>17</sup>. Осының негізінде Талапкердің талабын қанағаттандырып, жауапкердің уәждерін жоққа шығарады.

Демек, егер де тараптар қойма өртенуін шартта форс-мажорлық ескертпеге қосқанда жауапкер жауапкершіліктен босатылады дегенді білдіреді. Ал біз білетіндей мұндай техногенді өрттер бой бермейтін күшке жатпайды, сондықтан да егер шарт тарабы болашақ та өзінің жауапкершілігін шектегісі келсе мұндай форс-мажор ескертпелерін ескергені жөн.

Осылайша сөзбе-сөз түсіндіру бойынша тараптар өздері бой бермейтін күш жағдайлардың тізімін шектеді деген қорытынды жасауға болады. Бұл ретте тізбеде көрсетілмеген форс-мажорлық жағдайлардың әсерінен жасалған шарттық міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік жүктелуі мүмкін. Біздің ойымызша, ескертпеде бой бермейтін күшке жалпы сілтеме қамтылатын, сондай-ақ оған қатысы жоқ қолайсыз жағдайлардың тізбесі көзделетін неғұрлым табысты тәсіл. Бұл жағдайда тараптардың жауапкершілігі өте төмен және жеңіл болады. Біздің құқықтық әдебиеттерінде жауапкершілікті шектейтін немесе жоққа шығаратын шарттық талаптары бойынша тұжырымдары мен жіктелімдері егжей-тегжейлі дамымаған. Алайда, мұндай жіктеудің теориялық және тәжірибелік маңызы бар екені сөзсіз. Қазақстанның қолданыстағы азаматтық заңнамасы бойынша кәсіпкерлік тәуекелге, міндеттемені орындау мүмкін еместігіне және форс-мажорлық жағдаяттарға (бой бермейтін күш жағдаяттарына) қатысты жағдайларға жүргізілген талдау әрбір кәсіпкердің кез келген шаруашылық шартына қол қойғанға немесе бұрыштама қойғанға дейін міндетті түрде қажет екендігін айқын

---

<sup>17</sup> Алматы қаласының МАЭС-ында 2018 жылғы 12 қарашасындағы №7527-18-00-2/17786 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: [https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/75d2c53e-e7d5-4899-a8ec-a9541\\_91b250d](https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/75d2c53e-e7d5-4899-a8ec-a9541_91b250d) (Өтінім берілген күн: 07.05.2021ж.)



дәлелдейді<sup>18</sup>. Сондықтан да екі тараптың да нақты шарттың талаптарын (міндеттемелерін) орындауы бойынша кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін бағалау (сараптама жүргізу) жасаған жөн.

Қорытындылай келе, шарт жасасу кезінде тараптар форс-мажорлық ескертпеге кіретін жағдайлардың тізіміне ерекше назар аударуы маңызды, өйткені жауапкершілік көлемі соңғысының мазмұнына байланысты болады. Біріншіден, нақты Қазақстан Республикасының ҚР АҚ-нің 359-бабының 1-тармағының мазмұнынан шығатыны форс-мажорлық ескертпені шартқа қосу тек тараптардың келісімімен болады. Демек, бір тарап ондай талаптарға қарсы болатын болса, бұл жағдайда тараптар қалыпты жауапкершілікке тартылады. Екіншіден, егер шартта жауапкершіліктен босатуға негіз ретінде белгілі бір форс-мажорлық мән-жайларды тар көлемде көрсетілсе, тараптар форс-мажор болып табылатын жағдай орын алса да жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

### **1.3. Шет мемлекеттер заңнамасында бой бермейтін күш ұғымының қолданысы мен реттелуі**

РФ АҚ-нің 401-баптың 3-тармағына сәйкес, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұлға, егер тиісінше орындау бой бермейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайлар кезінде болмай қоймайтын мән-жайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдей алмаса, жауаптылықта болады делінген<sup>19</sup>. Бой бермейтін күшке байланысты нормалар Азаматтық заңнамаға қоса Ресей Федерациясының Сауда-өнеркәсіп палатасының бой бермейтін күш (форс-мажор) жағдайларын куәландыру тәртібі туралы ережеде де кездеседі. Бұған сәйкес бой бермейтін күш төтенше, тойтарылмайтын және бой бермейтін қасиеттермен сипатталады. Бұны ашып айтатын болсақ, төтеншелік мән-жайдың басталуы ерекше, әдеттегідей емес болып келетінімен сипатталады, яғни оны болжау мүмкін емес, тойтарылмайтындығы мән-жайдың пайда болуын және оның салдарының болдырмауы мүмкін емес, соңғы қасиеті бой бермейтіндігі туындаған жағдайлар шарт тараптарының

---

<sup>18</sup> Лобков А. Предпринимательский риск, форс-мажор и договорные обязательства. Мақала жазылған күн: 10.10.2006ж. // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30072276&pos=4;-106#pos=4;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30072276&pos=4;-106#pos=4;-106)

<sup>19</sup> Азаматтық кодексе Бірінші бөлім РФ 1994 жылғы 30 қарашасындағы № 51-ФЗ Кодексі // Дереккөз: АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30396612](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30396612) (Өтінім берілген күн: 20.07.2021ж.)

еркіне тәуелді емес тыс құбылыстар болып табылады. Алайда бұл тек бой бермейтін күшті куәландыру бойынша қойылатын талап ретінде Сауда-өнеркәсіп палатасымен анықталған тәртіп екенін ескеруіміз қажет. Егер біз нақты РФ Жоғарғы Соты Пленумының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 7 «Соттардың Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы кейбір ережелерін қолдануы туралы» қаулысына назар аударсақ РФ АК-де қамтылған бой бермейтін күш жағдайлары туралы түсінік берілген. Сонымен, осы қаулының 8-тармағында РФ АК-нің 401-бабының 3-тармағына сәйкес, жағдайды бой бермейтін күш деп тану үшін, бұл жағдайда төтенше, тойтарылмайтын, яғни алдын-алуға болмайтын және борышкердің қызметінің сыртқы сипатына әсер ететін жағдай ретінде түсінділеді. Төтенше жағдай талабы қарастырылып отырған жағдайдың ерекшелігін білдіреді, оның басталуы нақты жағдайларда әдеттегідей емес. Егер заңда өзгеше көзделмесе, егер борышкермен ұқсас қызметті жүзеге асыратын азаматтық айналымның кез келген қатысушысы осы мән-жайдың немесе оның салдарларының туындауын болдырмаса, яғни бой бермейтін күш мән-жайлары сипаттамаларының бірі (төтенше және тойтарылмайтынмен қатар) оның салыстырмалы сипаты болып табылса, мән-жай жол бермеуге болмайды деп танылады. Басталуы міндеттеме тарапының еркіне немесе іс-әрекетіне байланысты мән-жайлар, мысалы, борышкерде қажетті ақша қаражатының болмауы, оның контрагенттерінің міндеттемелерін бұзуы, оның өкілдерінің заңсыз іс-әрекеттері бой бермейтін күш деп таныла алмайды<sup>20</sup>. Осылайша Ресей Федерациясының Жоғарғы соты бой бермейтін күштің тек 2 белгісін таниды деген қорытындыға келе аламыз және жалпы бой бермейтін күштің сипаттамасы біздің заңнамада көзделген анықтамасына сәйкес келеді. Ескеретін жәйт, жоғарыда Ресей Федерациясының Жоғарғы соты борышкерде қажетті ақша қаражатының болмауы бұл бой бермейтін күш жағдайын ретінде танылуы мүмкін емес деген тұжырымға келді. Алайда бой бермейтін күшке байланысты әр нәрсе абсолютті сипатқа ие бола алмайды. Қатынастардың әркелкі болуына, бұрын болмаған түрлі өмірлік жағдайларының орын алуына байланысты бұрын бой бермейтін күш

---

<sup>20</sup> Ресей Федерациясының Жоғарғы соты Пленумының 2016 жылғы 24 наурыздағы №7 «Соттардың Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы кейбір ережелерін қолдануы туралы» қаулысында // Дереккөз: АҚЖ «КонсультантПлюс» // URL: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_195783/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_195783/) (Өтінім берілген күн: 04.07.2021ж.)

ретінде танылмаған жағдайлар уақыт өте керісінше болуы мүмкін, бұл өз кезегінде замандық тенденциялар кезінде құқықтың дамуын көрсетіп отыр.

Солай Ресей Федерациясының Жоғарғы соты Ресей Федерациясының аумағында №1 Жаңа коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына қарсы заңнаманы және шараларды қолдануға байланысты сот тәжірибесінің жекелеген мәселелеріне шолуда келесідей тұжырымға келді, борышкерде жалпы ереже бойынша қажетті ақша қаражатының болмауы міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз болып табылмайтынын есте ұстаған жөн. Алайда, егер қажетті қаражаттың болмауы белгіленген шектеу шараларынан, атап айтқанда белгілі бір қызметке тыйым салудан, өзін-өзі оқшаулау режимін белгілеуден және т.б. туындаса, онда ол РФ АҚ-нің 401-бабы негізінде міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз болып танылуы мүмкін. Егер борышкермен ұқсас қызметті жүзеге асыратын азаматтық айналымның парасатты және сақ қатысушысы шектеу шараларынан туындаған қолайсыз қаржылық салдардан (мысалы, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнын ашық бару үшін мәжбүрлеп жабу себебінен пайда мөлшері едәуір төмендеген жағдайда) құтыла алмаған жағдайда, жауапкершіліктен босатуға жол беріледі<sup>21</sup>. Сөйтіп, Ресей Федерациясының Жоғарғы соты айтуы бойынша егер борышкер бой бермейтін күш орын алды, және соған байланысты өз міндеттемелерін орындай алмадым деп сілтейтін болса, ол келесі жағдайларды дәлелдеуі керек: 1) бой бермейтін күш мән-жайларының болуы мен ұзақтығын; 2) туындаған бой бермейтін күш мән-жайлары мен міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі не кешіктірілуі арасындағы себеп-салдарлық байланыстың болуын; 3) тараптың бой бермейтін күш мән-жайларын жасауға қатыспауын; 4) ықтимал тәуекелдердің алдын алу (барынша азайту) үшін Тараптың ақылға қонымды күтілетін шараларды адал қабылдауы<sup>22</sup>.

Осы тұжырымға нақты мысал келтіруге болады, Бесінші төрелік апелляциялық соттың 2020 жылғы 22 маусымдағы №А51-439/2020 іс бойынша №05АП-2939/20 қаулысына сәйкес, Талапкер 19 342 435 рубль өндіріп алу туралы, 205 131 рубль мөлшерінде басқа адамдардың ақшасын

---

<sup>21</sup> Ресей Федерациясының Жоғарғы соты Ресей Федерациясының аумағында №1 Жаңа коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына қарсы заңнаманы және шараларды қолдануға байланысты сот практикасының жекелеген мәселелеріне шолу // Дереккөз: АҚЖ «КонсультантПлюс» // URL: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_377296/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_377296/) (Өтінім берілген күн: 04.07.2021ж.)

<sup>22</sup> Сол жерде.

пайдаланғаны үшін пайда болған пайыздарды өндіріп алуды сұрайды. Бірінші сатыда Талапкердің талабы қанағаттандырылған болатын, осыған байланысты Жауапкермен апелляциялық шағым берілді. Істің мән-жайларына сәйкес тараптар арасында шикізатты жеткізу шарты жасалған, және осы шарт бойынша Жауапкерде берешек пайда болды. Жауапкер жаңа коронавирустық инфекцияның таралуынан туындаған қолайсыз санитарлық-эпидемиологиялық жағдай берешекті өтеу үшін қажетті қаражаттың болмауына әсер еткенін айтады. Алайда сот жоғарыда келтірілген Ресей Федерациясының Жоғарғы соты түсіндірмесіне сілтеме жасап, жаңа коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты қолайсыз санитарлық-эпидемиологиялық жағдай Жауапкердің қарызды өтеу үшін қажетті қаражаттың болмауына әсер еткені туралы дәлелдер келтірілген жоқ деп жауапкердің шағымын қанағаттандырмайды<sup>23</sup>.

Ресей Федерациясының Жоғарғы соты ұсынған тәсілді қолдану тәжірибесі қалыптасу сатысында екенін байқауға болады, бірақ осы мәселе бойынша жоғары келтірілген сот актісі шектеу шаралары мен қолайсыз қаржылық салдардың басталуы арасындағы себептік байланысты дәлелдеу өте қиын болатынын көрсетеді. Осылайша, қандай да бір мән-жайды бой бермейтін күш деп тану сот нақты жағдайға қатысты дау туындаған жағдайда, нақты істің мән-жайларын ескере отырып, жоғарыда келтірілген бой бермейтін күштің барлық белгілерін бір мезгілде болған кезде жүзеге асырылады. Бой бермейтін күшті нақты жағдай болып табылады, оны әр жағдайға, міндеттемелерге немесе адамдарға байланыстырып, абстрактілі түрде орнатуға болмайды.

Ендігіде Украина заңнамасына қарайтын болсақ, бой бермейтін күш бойынша құқықтық нормалар уақытша Азаматтық кодекс пен Шаруашылық кодексте қамтылған. Солай Украинаның АҚ-нің 617-бабында міндеттемені бұзған тұлға, егер ол осы бұзушылық оқиғаның немесе бой бермейтін күштің нәтижесінде болғанын дәлелдесе, міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылықтан босатылады делінген<sup>24</sup>. Осылайша Украинаның азаматтық заңнамасы жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде тек бой бермейтін күшті ғана емес, сондай-ақ оқиғаны таниды. Бой бермейтін күштің белгілері бөлек Украинаның Шаруашылық

---

<sup>23</sup> Бесінші төрелік апелляциялық соттың 2020 жылғы 22 маусымдағы №А51-439/20 іс бойынша №05АП-2939/20 қаулысы // Дереккөз: АҚЖ «Гарант.ру» // URL: <https://base.garant.ru/63865874/> (Өтінім берілген күн: 10.07.2021ж.)

<sup>24</sup> Украина Азаматтық кодексі 2003 жылғы 16 қаңтарындағы №435-IV // АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30418568](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418568) (Өтінім берілген күн: 31.05.2022 ж.);

кодексінің 218-бабында анықталған, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, кәсіпорын шаруашылық міндеттемені бұзғаны үшін, егер міндеттеменің тиісінше орындалуы бой бермейтін күш әсерінің, яғни шаруашылық қызметті іске асырудың осы шарттары бойынша төтенше немесе бұлтартпастық мән-жайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдей алмаса, шаруашылық-құқықтық жауаптылықта болады. Сөйтіп, бой бермейтін күш төтенше және бұлтартпастық сипатқа ие деп көрсетілген<sup>25</sup>.

Беларусь мемлекетінің АК-де бой бермейтін күш 372-бапта көзделген, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамаған не кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде оны тиісінше орындамаған адам, егер міндеттеменің тиісінше орындалуы бой бермейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайлар кезінде тойтарылмайтын мән-жайлардың салдарынан мүмкін еместігін дәлелдей алмаса, жауаптылықта болады деп айқындалған<sup>26</sup>. АК-нің 372-бабының 3-тармағына сәйкес мән-жайларды бой бермейтін күш ретінде жіктеу оларда төтенше және тойтарылмайтын белгілері болған кезде ғана мүмкін болады<sup>27</sup>. Төтенше жағдай деп өмірдің белгілі бір жағдайлары үшін эксклюзивтілік, қалыпты, күнделікті, ерекше жағдайдан шығу, өмірлік тәуекелге жатпайтын және кез-келген жағдайда ескерілмейтін нәрсе түсініледі. Төтенше жағдай талабы белгілі бір жағдайларда басталуы әдеттегі емес жағдайдың айрықшалығын білдіреді. Төтенше жағдай материалдық залал және адамдардың өмір сүру жағдайларын бұзуға, адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін өнеркәсіптік апатының, техногендік сипаттағы өзге де қауіпті жағдайдың, апаттың, қауіпті табиғи құбылыстың, дүлей немесе өзге де зілзаладың салдарынан белгілі бір аумақта қалыптасқан жағдай ретінде айқындалады. Тойтарылмайтындық егер осындай қызметті жүзеге асыратын азаматтық айналымның кез келген қатысушысы осы мән-жайдың немесе оның салдарының туындауын болғызбауға мүмкіндігі болмаса, жалпы ереже бойынша танылады.

Шетел мемлекеттерінің бой бермейтін күшке байланысты нормаларын зерттеу негізінде біз келесідей тұжырымға келеміз. Біріншіден, жалпы

---

<sup>25</sup> Украина Шаруашылық кодексі 2003 жылғы 16 қаңтарындағы №436-IV// АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30418746](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418746) (Өтінім берілген күн: 31.05.2022 ж.)

<sup>26</sup> Гражданский кодекс Беларусь Республикасы 1998 жылғы 7 желтоқсанындағы № 218-3 Кодексі // АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30415161](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30415161) (Өтінім берілген күн: 02.07.2021ж.)

<sup>27</sup> Сол жерде.

зерттелген мемлекеттердің заңнамасы бізде белгіленген бой бермейтін күш түсінігіне қайшы келмейді, олар оның белгілері тек синоним сөздермен анықталады, және олардың болмыстары бірдей екеніне көзіміз жетеді. Екіншіден, бұл мемлекеттерді бой бермейтін күш мәселесі өте айқын толық ашылған болып табылады, жалпы олар тек төтеншелік пен тойтарылмай белгі екенін ғана дәлелдеп қоймай, сондай-ақ бой бермейтін күш мән-жайларының пайда болуы мен ұзақтығын, міндеттемені орындау мүмкін еместігіне алып келуінің себеп-салдарлық байланысын, тарап мұндай шарттық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік жасап, ықтимал тәуекелдердің алдын алуға тырысу қажеттігін ашады.

Ендігіде ағылшын құқығындағы нормаларды талдап өтейік. Жалпы ереже бойынша ағылшын құқығы бойынша шарттық міндеттемелер тиісті түрде орындалуы тиіс. Қандай да бір себептермен өз міндеттемелерін орындамайтын тарап шартты бұзған болып саналады және жалпы ереже бойынша өзінің контрагенті алдында осындай бұзушылық салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру түрінде жауап береді. Дегенмен, егер тарап орын алған мән-жайларға байланысты міндеттемені орындай алмаса, жауапкершіліктен босатылудың екі ерекшелігі бар, бұл бой бермейтін күш туралы шарттың ережесін қолдану мүмкін болған жағдайы және егер шартты орындаудың мүмкін еместігін тудыратын жағдайлар орын алғанда – фрустрация.

Бой бермейтін күш жағдайға сілтеме жасау тек ол жасалған шартта көзделген жағдайда ғана мүмкін екенін ескерген жөн, бой бермейтін күш бұл нақты оқиға ретінде немесе айқын белгілермен сипатталған жағдайлар тобы ретінде шартта көзделуі керек. Бой бермейтін күш туралы ережеге сілтеме жасауға ниеті бар тарап тиісті шарттың барлық талаптарының сақталғанына көз жеткізуі тиіс. Атап айтқанда, екі шартты ескеру қажет мән-жай өзінің табиғаты бойынша тиісті шарт шеңберінде бой бермейтін күштің мән-жайы анықтамасына түсе ме және осы мән-жай міндеттемені орындауға қандай дәрежеде кедергі келтіреді<sup>28</sup>. Демек бұдан әрі форс-мажорлық ескертпенің мәтінін талдау және мәлімделген оқиғаның шын мәнінде бой бермейтін күш оқиға ретінде саралануына, сондай-ақ бой бермейтін күш оқиға мен шарттың орындалмауы арасындағы себеп-салдарлық байланысты белгілеуге көз жеткізу қажет, себебі, әдетте, жалпы

---

<sup>28</sup> Дебевоиз энд Плимpton ЛЛП. COVID-19 – последствия для договоров, подчиненных английскому праву. Мақала жазылған күн: 18.03.2020 // URL: <https://www.debevoise.com/insights/publications/2020/03/covid19-and-its-impact-on-english-law-contracts?translationGuid=a6666dee-a6b8-4bfa-8b23-beae0822bc86> (Өтінім берілген күн: 08.07.2021ж.)

мәселеге сілтеме жасау жеткіліксіз, көп жағдайда тараптардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне тікелей әсер еткен нақты жағдайды немесе шектеуді көрсету қажет. Алғашқы екі іс-әрекет ең маңызды екенін атап өткім келеді, өйткені егер сіздің шартта мұндай ескерту болмаса, немесе орын алған жағдай көзделген бой бермейтін күш жағдайлар шеңберіне кірмейтін болса, тарап тек фрустрация институтына сілтеме жасап, тек сот арқылы жауапкершіліктен босай алады.

Фрустрация ағылшын доктринасы және шарт жасалғаннан кейін сыртқы жағдайлардың түбегейлі және күтпеген өзгеруіне байланысты шарттық қатынастарды тоқтатуға мүмкіндік беретін шарттың пайдасыздығы тұжырымдамасы болып табылады<sup>29</sup>. Бұл біздің ҚР АҚ-нің 374-бабында көзделген, яғни егер мүмкіндіктің болмауы борышкер жауап бермейтін жағдайлардан туындаса, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеме тоқтатылады<sup>30</sup>.

## I-Тарау бойынша тұжырым

Азаматтық құқықтық заңнамасы және доктринасындағы бой бермейтін күш жағдайларының жалпы сипаттамасы мен оның белгілерін зерттеу негізінде келесідей тұжырымдар жасалды:

1) Бой бермейтін күш ұғымы біздің азаматтық заңнамamızда толыққанды ашылмаған, сондай-ақ бұл ұғымды және оның белгілерін жеткілікті түрде ашатын тиісті нормативтік құқықтық құжаттар жоқ.

2) Бой бермейтін күштің төтенше мән-жай белгісінің анықтамасы нақты азаматтық құқықтық жауапкершілікке әсері негізінде емес, тым жалпылама негіздерге анықталған, соған байланысты оның анықтамасын қайта қарау қажет.

3) Төтенше мән-жай – бұл тұлғаның іс-әрекеттеріне тікелей әсер ететін, кенеттен, қоғамға таныс айрықша құбылыстарға тең келетін немесе олардың шегінен шығатын ерекше жағдайды білдіретін белгі.

4) Біздің заңнамада бой бермейтін күшті сипаттайтын белгілердің барлығы нақты түрде анықталмаған, яғни салыстырмалылық және

---

<sup>29</sup> Петрова Д.С. Английская доктрина «frustration of contract»: история и современность. // Ленинградский юридический журнал. 2016. № 4 (46). Б. 146 // Дереккөз: FЭЖ «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/angliyskaya-doktrina-frustration-of-contract-istoriya-i-sovremennost> (Өтінім берілген күн: 20.06.2021ж.)

<sup>30</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 10.07.2021ж.)

себептік-салдарлық байланыс белгілері. Қазақстандық доктринада және ҚР Жоғарғы сотының түсіндірмесінде де бұлар туралы аталып өтілмейді, алайда бұл белгілер жанама түрде ҚР АҚ-нің 359-бабында көрсетілген.

5) Азаматтық құқықтық қарым-қатынастар тәжірибесінде бой бермейтін күш және форс-мажор ұғымдарын тектес ұғымдар ретінде қолданады. Ал негізінде форс-мажор ұғымы тек осындай ескертпелер шартта орын алған кезде қолданылатын термин, ал бой бермейтін күш бұл шартта көзделгеніне не көзделмегеніне қарамастан, осындай жағдай орын алғанда қолданылатын құбылыс.

6) Бой бермейтін күш абсолютті әрдайым бір жағдайлар кіретін немесе кірметін институт емес, бой бермейтін күш жағдайлардың орын алған жеріне, уақытына және өзгеде себепшарттарға байланысты анықталатын құбылыс.



## II-ТАРАУ БОЙ БЕРМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ӘСЕРІ

### 2.1. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері

Жауапкершілік – құқық қолдану қызметінде кеңінен қолданылатын негізгі ұғымдардың бірі. АҚ-нің 9-бабының 1-тармағына сәйкес сот органдары арқылы жүзеге асып, соттар азаматтық құқықтарды бұзушы тұлғаларға міндетті заттай орындатуға, залалдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу, моральдық зиянның өтемін төлету, құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту және т. б.<sup>31</sup> жауапкершілікке тарту тетіктерін қолданады. Осындай нормалардың азаматтық заңнамада болуы заң шығарушының өз міндеттемелерін адал орындайтын мүліктік айналымға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін олардың іскерлік қатынастардағы әріптестерінің заңсыз әрекеттерінен қорғауға, сондай-ақ міндеттемелерді орындамауға байланысты келтірілген залалды өтеуге деген ұмтылысы болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік – бұл құқық бұзушыға субъективті азаматтық құқықтардан айыру немесе жаңа не қосымша азаматтық-құқықтық міндеттерді жүктеу түрінде теріс салдарлар туғызатын құқық бұзушылық үшін санкция деп анықталады.<sup>32</sup> Н. А. Скрёбнева өз еңбегінде келтіргендей, Н. В. Витрук құқықтық жауапкершілікті идеалды (табиғи) құқық пен оның құндылықтарының ережелеріне негізделген, бостандық, әділеттілік және теңдік принциптерімен тығыз байланысты және заңды жауапкершілік негізіндегі жауапкершілік деп анықтаған.<sup>33</sup> О. А. Колоткина, И. Д. Ягофарова, А. С. Морозова өздерінің еңбегінде В. К. Бабаевтың сөздерін келтіреді, ол бойынша жауапкершілік – құзыретті орган, лауазымды адам немесе азамат заң негізінде немесе арнайы нысанда құқық

---

<sup>31</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 8.09.2021ж.)

<sup>32</sup> Д. Н. Кархалев Основания освобождения от договорной ответственности в гражданском праве // Актуальные проблемы российского права. – 2018. – №5. Б. 106 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovaniya-osvobozhdeniya-ot-dogovornoj-otvetstvennosti-v-grazhdanskom-prave> (Өтінім берілген күн: 24.07.2021ж.)

<sup>33</sup> Скрёбнева Н. А. Юридическая ответственность в публичном и частном праве (вопросы теории и практики). Дис. ... канд. юрид. наук. – М. – 2018. Б. 37

бұзушыдан жасалған іс-әрекетте есеп беруді талап ететін, оған белгілі бір айыру шарасын жүктейтін, ал құқық бұзушы заң нормаларын бұзудың қолайсыз салдарларына ұшырайтын жеке жасалған құқық бұзушылық нәтижесінде туындаған және құқықтық нормада көзделген саяси-құқықтық жағдай<sup>34</sup> деп сипаттама береді.

ҚР АҚ-нің 272-бабына міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс<sup>35</sup>. Осылайша, шарттық жауапкершілікте міндеттеменің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы заңға қайшы әрекет деп танылады.

Борышкердің кінәсі азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы және қажетті шарты болып табылады. ҚР АҚ-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес борышкер кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышкер міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады. Демек, бұл нормада нақты жауапкершілікке тартылуы үшін кінәнің болуын міндетті себепшарт болып отыр. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартудың ерекшелігі бұл осы тармақта көзделген кінәлілік презумпциясы болып отыр. Ю.Г. Басин бұл туралы борышкер міндеттеме бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде кінәлі деп танылады, өйткені ол өз мүмкіндіктерін тиісті түрде орындау үшін пайдаланбаған деген<sup>36</sup>. Е. В. Бутенко атап өткендей, кінәлілік презумпциясы заң бұзушыны шарттық жауапкершілікке тартудың объективті шарттары анықталғаннан кейін ғана күшіне енеді, борышкердің кінәсіне қатысты барлық шешілмейтін күмәндер несие берушінің пайдасына түсіндіріледі<sup>37</sup>.

Бұл туралы отандық АҚ берілген комментарийде келесідей пікір білдіріледі: қылмыстық құқықтан айырмашылығы, айыпталушы өзінің

---

<sup>34</sup> Колоткина О.А., Ягофарова И. Д., Морозова А.С. Теория государства и права. Учебник. Проспект, 2020 г. Б. 288

<sup>35</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 8.09.2021ж.)

<sup>36</sup> Басин Ю.Г. Ответственность за нарушение гражданско-правового обязательства // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL:[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1012152#pos=306;-35](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1012152#pos=306;-35) (Өтінім берілген күн: 10.11.2021 ж.)

<sup>37</sup> Бутенко Е. В. Вина в нарушении договорных обязательств. Дисс. . канд. юрид. наук: 12.00.03. – Краснодар. – 2003. Б. 9.

кінәсі дәлелденгенге дейін және сот белгілегенге дейін қылмыс жасағаны үшін кінәсіз деп саналады (кінәсіздік презумпциясы қолданылады), ал егер азаматтық міндеттеме бұзылса, құқық бұзушы әдетте кінәлі деп саналады, сондықтан жауапқа тартылуы мүмкін. Ол үшін несие берушіге борышкер тарапынан бұзушылық болғанын және оның белгілі бір мөлшерде шығын келтіргенін дәлелдеу жеткілікті. Жауапкершілік айыппұлға азайтылған кезде, бұзушылық дерегі ғана дәлелденеді. Мұндай жағдайда жауапкершіліктен босатқысы келетін борышкер заң бұзушылыққа кінәлі емес екенін, яғни заң бұзушылықты болдырмау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын дәлелдеуге міндетті.<sup>38</sup>

Құқық бұзушының кінәсі азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басталуы үшін қажетті негіз болып табылады, алайда міндеттемедегі кәсіпкерлік тәуекел бойынша бұндай негіз қолданылмайтынын атап өткен жөн. ҚР АҚ-нің 359-бабының 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді<sup>39</sup>. Бұл норма бойынша А. Г. Диденконың айтуы бойынша бой бермейтін күш бұл тек азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босататын негіз болып табылады, алайда ол негізгі міндеттемені орындаудан босатпайды<sup>40</sup>. Бұл пікірмен К. В. Мукашева да келісіп «бой бермейтін күш жағдайы кезінде шартты орындауға кедергі уақытша сипатта болғанда, жауаптылықтан босату осы кедергі болған кезеңге ғана қолданылады», - дейді<sup>41</sup>. Осы бойынша Азаматтық-құқықтық жауапкершілік шаралары азаматтық-құқықтық санкциялар – заңда көзделген, сот зардап шеккен тұлғаға мүліктік шығындарын өтеу

---

<sup>38</sup> Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.) // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750) (Өтінім берілген күн: 10.11.2021 ж.)

<sup>39</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 8.09.2021ж.)

<sup>40</sup> Диденко А. Г. (ред.) Гражданское право. Общая часть. Курс лекции. «Нур-пресс» - Алматы, 2006. Б. 609

<sup>41</sup> Мукашева К.В. Некоторые вопросы безвиновной ответственности в гражданском праве. Непреодолимая сила. Мақала жазылған күн: 16.12.2020. // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35076985&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35076985&pos=6;-106#pos=6;-106)

мақсатында құқық бұзушыға қолданатын және құқық бұзушыға құқық бұзушылықтың қолайсыз мүліктік салдарын жүктейтін мемлекеттік-мәжбүрлеу сипатындағы мүліктік шаралар болып табылады.

Бөлімді қорытындылай келе, келесі қорытынды жасауға болады. Азаматтық құқықтық жауапкершілік бұл азаматтық заңнамамен көзделген нормаларды бұзу негізінде қолданылатын және құқық бұзушыға қолайсыз салдар әкелетін мемлекеттік-мәжбүрлі ықпал ету нысандарының бірі болып табылады. Азаматтық құқықтық жауапкершілік деп сот құқық бұзушыдан зардап шегушінің пайдасына мүліктік санкциялар өндіріп алудан тұратын, зиян шегуші тұлғаның бұзылған мүліктік құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеу нысандарының бірін айтамыз.

Бой бермейтін күш мән-жайы міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен, яғни тұрақсыздық айыбын, басқа адамдардың ақшасын пайдаланғаны үшін пайыздарды төлеуден және шығындарды өтеуден босатады. Егер оны бой бермейтін күш жағдайы жойылғаннан кейін орындауға болатын болса, онда міндеттеменің өзі тоқтатылмайды. Сөйтіп, шарт қолданылуын жалғастырады және борышкер бұрынғыдай өз міндеттемесін орындауға міндетті, демек борышкер шарт бойынша тауар жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсетуі міндетті болса, оны тиісті түрде орындау қажет.

## **2.2. Бой бермейтін күш жағдайы – азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде**

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілер кәсіпкерлік тәуекелді көтереді, яғни кәсіпкерлер қарапайым тұлғаларға қарағанда жоғары жауапкершілікті көтереді. Бұл ҚР АҚ-нің 360-бабында келесідей көзделген, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі<sup>42</sup>. Жұмысты тиісті дәрежеде орындаған адам, егер шартта өзге кәсіпкерлік тәуекелді бөлу көзделмесе, орындау дәрежесіне сәйкес ақы алуға құқылы. Мысалы, бір заңды тұлға құрылыс компаниясымен қалада үлкен сауда ғимаратын салу туралы келіссөздер жүргізді. Осыған байланысты заң фирмасына осы ғимаратты жобалау және салу туралы келісім жобасын дайындау тапсырылды. Жоба дайындалған

---

<sup>42</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 26.09.2021ж.)

кезде Тапсырыс беруші құрылыс фирмасымен келіссөздердің үзілуіне байланысты жұмысты қабылдаудан, сондай-ақ оның ақысын төлеуден де бас тартты. Төрелік сот мұндай бас тартуды заңсыз деп тапты<sup>43</sup>.

Бой бермейтін күш – бұл кәсіпкерлердің жауапкершілігінің шегі болып табылады. ҚР АҚ-нің 359-бабының 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Алайда, 360-бабында заң шығарушы кәсіпкерлік субъектілерінің ерекше жағдайын атап өтіп, соңғысы кінәнің болуына немесе болмауына қарамастан жауап береді деп айтады. Кәсіпкердің міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатудың жалғыз негізі төтенше және күтпеген, тойтарылмайтын жағдайларда көрінетін бой бермейтін күш болуы мүмкін. Бұл жағдайларға, міндеттемені орындау кезіндегі тараптардың заңға қарсы ір-әрекеттері, сондай-ақ орындау үшін қажетті тауарлар мен қаражаттың болмауы бой бермейтін күш жағдайларына жатпайды. Шындығында бұлар кәсіпкердің тәуекелдері ретінде танылады.

Мысал ретінде Манғыстау облысының МАЭС-ында 2020 жылдың 10 маусымындағы қаралған №4712-20-00-2/1008 ісін алсақ болады. Бұл іс бойынша Талапкер шартты орындау мерзімдерін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінді. 2020 жылғы 18 наурызда тараптар өнімді жеткізу туралы №153 Мемлекеттік сатып алу шартын жасасты. Шартқа №1 қосымшаға сәйкес жеткізу мерзімі келісім жасалған күннен бастап 17 күнтізбелік күн ішінде айқындалған. Алайда жауапкер шарт жасалған күннен бастап 17 күнтізбелік күн ішінде тауар жеткізбеген. Сот отырысында жауапкер талап арыз бергеннен кейін міндеттемені орындағаны анықталды. Сотқа 2020 жылғы 21 мамырдағы тауарды қабылдау – беру актісі ұсынылды, оған сәйкес жауапкер жалпы сомасы 16380 теңгеге өнім жеткізді. Тапсырыс беруші өнімді сапасы мен саны бойынша шағымдарсыз қабылдады. Сот АҚ 401-бабының талаптарына сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде

---

<sup>43</sup> Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.) // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750) (Өтінім берілген күн: 10.11.2021 ж.)

айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады. Сот Жауапкердің міндеттемелерді уақтылы орындамауы Талапкерге осындай залал келтіруге ықпал етпеді, ол шарт жасасу кезінде сенуге құқылы нәрседен айтарлықтай айырылды деп санамайды. Сондай-ақ ҚР АҚ-нің 359, 360 – баптарын негізге ала отырып, 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы жаңа коронавирустық инфекцияны (COVID-19) пандемия деп жариялағаны туралы ескерту жасады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті 2020 жылғы 16 наурыздан бастап бүкіл ел аумағында төтенше жағдай режимін енгізу деректерін келтіріп, төтенше жағдайды енгізуі және оның әрекет ету мерзім шегі төтенше және тойтарылмайтын сипатқа ие, яғни бой бермейтін күш мән-жайларының барлық белгілеріне ие деген тұжырымға келеді. Сот анықтағандай, міндеттемені орындау мерзімі шектеу шаралары кезеңіне түскен болатын, бұл жауапкерге шартта көзделген міндеттемені тиісті түрде орындауға кедергі келтірді. Осы жағдайларды барлығын қоса алғанда сот Талапкердің талабын қанағаттандырудан бас тартады<sup>44</sup>.

Жоғарыда келтірілген іс нақты кәсіпкерлерге заңда көзделген кәсіпкерлік тәуекел бой бермейтін күш негізінде қолданбайтынын дәлелдеп отыр. Демек, жоғарыда айтылғандай, бой бермейтін күш кәсіпкерлердің жауапкершілігінің шегі болып табылады

Ал келесі істі қарайтын болсақ, бұл Маңғыстау облыстының МАЭС-да №4712-20-00-2/713 ісі қаралды. Істің мән-жайлары бойынша, тараптар арасында 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №363635/2019/1 тауарды сатып алу шарты (бұдан әрі - шарт) жасалды, оның талаптары бойынша орындаушы (Жауапкер) тапсырыс берушіге (Талапкерге) шартта көзделген сипаттамаларға сәйкес мөлшерде және сапада тауар жеткізу міндеттемесін өзіне алды, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдауға және оны мерзімдерде және шартта көзделген сомма көлемінде төлеуге міндеттенеді. Шарттың жалпы соммасы 2 572 000 теңге. Талап қоюшы жауапкерге шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны, тауардың мерзімінен кеш жеткізілгенін, сондай-ақ техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтіндігі туралы уәждеді. Шарт талаптары бойынша тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды өндіріп алу көзделген. Осыған байланысты соттан жауапкерден 257 200 теңге мөлшеріндегі өсімпұл сомасын өндіріп

---

<sup>44</sup> Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2020 жылғы 10 маусымындағы №4712-20-00-2/1008 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/64fe6b72-e583-426c-9904-5fea8c600e32> (Өтінім берілген күн: 20.09.2021ж.)

алуды сұрады. Жауапкер сотқа талап арызға қарсылық білдіріп, талап қоюшы сатып алуды жариялаған кезде жеткізу мерзімдерін тиісті түрде ескермегенін және қарама-қайшы техникалық сипаттамалары көрсеткенін, соның салдарынан тауар мерзімі өткізіліп жеткізілгенін және техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтінін көрсетті. Іс материалдарына сәйкес, шарттың 1.1 және 3.1-тармақтарына сәйкес, жауапкер шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде, яғни 2020 жылғы 09 қаңтарға дейінгі мерзімде қоса алғанда тауарларды жеткізу керек еді. Алайда, Жауапкер өз міндеттемелерін тиісінше орындамады, жауапкер тауарды 5 жылдың 2020 ақпанында кешіктіріп жеткізді, сондай-ақ өнімде қажетті сәйкестік сертификаты болмады. Сот АҚ-нің 378-бабының 1-тармағына, сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы екі немесе бірнеше адамның келісімі шарт деп танылады деп, яғни жауапкер шарттың талаптарымен келісе отырып, шартта қол қойған болатынына ескерту жасап, сондай-ақ ҚР АҚ-нің 360-бабын негізге алады. Сөйтіп, 257 200 теңге мөлшеріндегі өсімпұлды өндіріп алу туралы талап қою талаптары толық көлемде қанағаттандырылуға жатады<sup>45</sup>.

Жауапкер сотта бой бермейтін күшке сілтеме істемеді, сондықтан да Жауапкер шарттың талаптарымен келісе отырып, оны орындауға міндетті және осы шарттың тиісінше орындалмауымен байланысты барлық ықтимал теріс салдарлар ын көтереді, бұл орындаушының кәсіпкерлік тәуекелі болып табылады.

Бой бермейтін күшті қолдану мәселесі ҚР АҚ-нің 365-бабында көзделген жағдайларда қолданылу мүмкін. Бұл бапты мазмұнына сәйкес міндеттеменің орындалу мерзімін өткізіп алған борышкер несие берушінің алдында мерзімді өткізіп алу арқылы келтірілген залал үшін және мерзімін өткізіп алу кезінде туындаған кездейсоқтықтан орындай алмауының салдары үшін жауап береді. Бұл ретте орындаудың мүмкін еместігі бойынша ҚР АҚ-нің 374-бабында келесідей белгіленген, егер мүмкіндіктің болмауы борышкер жауап бермейтін жағдайлардан туындаса, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеме тоқтатылады<sup>46</sup>. Біз көріп тұрғанымыздай, заң шығарушы мерзімді өткізіп алған борышкерге жоғары

---

<sup>45</sup> Маңғыстау облыстыңың МАЭС-ның 2020 жылдың 15 сәуіріндегі №4712-20-00-2/713 шешімі //Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: [https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/6ca81b5b-06e0-420c-ae74-bbfc5\\_51f76d9](https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/6ca81b5b-06e0-420c-ae74-bbfc5_51f76d9) (Өтінім берілген күн: 22.09.2021ж.)

<sup>46</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 26.09.2021ж.)

деңгейдегі жауапкершілік көздеп отыр. Алайда бұл бапта борышкердің кінәсі бары не жоқтығы туралы мәселе анықталмаған. Егер борышкер өзінің іс-әрекеттеріне байланысы жоқ кездейсоқ жағдайлардың туындауынан өзінің міндеттемелерін орындай алмаған болса, мұндай борышкер жауапкершілікте тартылуы қажет пе деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызға бұл заң нормасына белгілі бір қосымшалар енгізу қажет. Нақтырақ айтқанда, ҚР АҚ-нің 374-бабында нақты кінәлі мерзімді өткізіп алған борышкер туралы айтылуы қажет.

Сондай-ақ бұл бапта жауапкершіліктің шегі туралы сөз айталмаған. Сондықтан да бұл ретте жалпы ереже қолдану керек, яғни бұндай жауапкершіліктің шегі бой бермейтін күш болады. Себебі борышкердің міндеттемені дер кезінде орындауына бой бермейтін күш жағдайлары кедергі келтіріп, бұл кезде борышкер кінәсіз болып табылады, осы орайда оған ҚР АҚ-нің 359-бабында көзделген норма қолданылу керек.

Мерзімі өткен борышкерді жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін келесі екі сұрақты анықтау қажет. Біріншіден, борышкердің міндеттемесін уақтылы орындамағаны үшін кінәсіннің түрін анықтау қажет. Екіншіден, борышкердің кінәлі мерзімін өткізіп алуы, ең болмағанда, ішінара бой бермейтін күш немесе жағдай салдарынан болып табыла ма, соны анықтау маңызды. Осылайша, егер борышкер міндеттемені орындау мерзімін кешіктірсе, онда мерзімі өткен кезде міндеттемені орындау мүмкін еместігі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік келесі екі жағдайда пайда болмауы керек. Бірінші, егер борышкер міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алуында оның кінәсіннің жоқ екенін дәлелдесе, жауапкершілік орын алмайды. Алайда егер мұндай борышкер кәсіпкер деп алатын болсақ, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдар міндеттемені бұзуда өз кінәсіннің болуына қарамастан жауапты болады. Демек, кәсіпкердің жалпы ереже бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатудың жалғыз негізі – бұл бой бермейтін күш. Барлық басқа жағдайларда кәсіпкер міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіргені үшін жауап береді. Екінші, егер борышкердің мерзімінен бұрын кешіктірілуі міндеттемені орындаудың кейінгі мүмкін еместігіне ешқандай әсер етпегені дәлелденсе, яғни орындаудың мүмкін еместігінің себебі тек қана бой бермейтін күш немесе жағдай болып табылса, борышкер жауапкершілікке тартылмауы тиіс. Бұл жағдайда қайтадан ескерту жасау керек. Егер кәсіпкер борышкер ретінде әрекет етсе, онда мұндай жағдайда ол тек қана бой бермейтін күш себеп болған міндеттемені орындаудың кейінгі мүмкін еместігі үшін жауапкершіліктен босатылуы мүмкін. Бұл ереже кәсіпкерлік қызмет субъектілерін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босату туралы жалпы ережеге сәйкес келеді. Төменде біз



ҚР АҚ-нің ерекше бөлімінде көзделген бой бермейтін күш жағдайлары бойынша заң нормаларын талдап өтіп тәжірибеде қолдану жағдайларын қарастырамыз.

Тараптардың сатып алу-сату шартының кез келген талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туындауы мүмкін. Сатып алу-сату шартын бұзудың ең көп кездесетін түрлерінің бірі бұл сапасына қойылатын талаптар бойынша. Отандық және әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, ҚР АҚ қатаң сапа кепілдіктерін енгізеді және сатушының тауарларға қойылатын талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілігін шектемейді. Сатып алушының сапасыз тауарды сатып алудан туындаған залалдарды өндіріп алу құқығы сөзсіз болып табылады.

Тауардың сапасына қойылатын талаптар сатып алу-сату шартында көзделуге тиіс. Сатушы сатып алушыға сапасы шартқа сәйкес келетін тауар беруге міндетті. Шартты орындаудағы белгілі бір мәселелер оның сапа туралы талаптары болмаған жағдайда туындауы мүмкін. Осы мәселелерді шешуге және сатып алушыға сапасыз тауарды беру мүмкіндігін болдырмауға ҚР АҚ-нің келесі ережелері ықпал етуі мүмкін. Сатушының тауардың тиісті емес сапасы үшін жауапкершілігі көбінесе тауардың сапасына шарттық кепілдік бар-жоғына байланысты болады. Жалпы ереже бойынша, егер сатып алушы кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатып алушыға өткен сәтке дейін немесе осы сәтке дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын дәлелдесе, сатушы тауарлардың кемшіліктері үшін жауап береді. Ал ҚР АҚ-нің 429-бабы, бұл баптың 2-тармағына сәйкес, егер тауардағы кемшіліктердің олар сатып алушыға берілгеннен кейін сатып алушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың әрекеттері немесе дүлей күштің салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, сатушы сапа кепілдігін берген тауарға қатысты тауардың кемшіліктері үшін жауап береді<sup>47</sup>. Бұл бапта айтылған «дүлей күш» деп берілген, алайда АҚ-нің орыс тіліндегі редакциясын алатын болсақ, ода нақты «непреодолимая сила», яғни бой бермейтін күш туралы айтылып жатқанын түсінеміз. Демек, тауар жойылуы немесе оның сапасы шартта көзделетін сипаттамаларға сәйкес болмауы бой бермейтін күштің негізінде орын алса сатушы жауапкершіліктен босатылады.

---

<sup>47</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 26.09.2021ж.)

Сатып алушы үшін оған берілген тауарлардағы кемшіліктерді анықтау мерзімдерін сақтау өте маңызды. Әдетте, сатып алушы сатушыға өз талаптарын тек ҚР АҚ-нің 430-бабында белгіленген мерзімде анықталған тауарлардың кемшіліктеріне байланысты қоюға құқылы. Және осы бапта тауарға кепілді мерзім белгіленген жағдайда, сатып алушы кепілді мерзім ішінде тауардың кемшіліктерін тапқан кезде тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптар қоюға құқылы екені анықталған<sup>48</sup>. Сонымен қатар, кез-келген сатып алушы өз таңдауы бойынша сатып алушыдан келесі іс-әрекеттерді талап етуге құқылы: сатып алынған тауар бағасын төмендетуді, тауарда анықталған кемшіліктерді ақысыз жоюды, осындай кемшіліктерді өз қаражаты арқылы жойса, соған кеткен шығындарды өтеуді, тауарды өзіне сәйкес келетін сапалы тауарға алмастыруды немесе жасалған шарттан бас тартып, төленге соммасын қайтарып беруді талап ете алады.

Мысал ретінде 2021 жылдың 28 шілдесінің Ақтөбе қалалық сотының №1510-21-00-2/1653 ісін қарастырамыз. Істің мән-жайлары бойынша 2020 жылдың 9 шілдесінде Талапкер № 598 сатып алу-сату шарты негізінде «Азия Авто» АҚ-ның Ақтөбе филиалынан 2020 жылы шығарылған LADA Largus 1.6 MT 7 seats Luxe автомобилін 5200 000 теңгеге сатып алды. Жоғарыда аталған Шарттың 5-бабына сәйкес автомобильдің қызмет ету мерзімі 10 жыл немесе 160000 шақырым жүгіріс болып анықталды. Бұл шарттың кепілдік талаптарына сәйкес қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 36 ай мерзімге кепілдік көзделген. Бірақ, бұлтартпас деректер көрсетіп отырғандай, 2020 жылдың 9 қазанында көлікжай және онда орналасқан Lada Largus 1.6 MT 7 автокөлігі толығымен жанып кетті, бұл арнайы Актімен дәлелденіп отыр. маманның 2020 жылдың 23 қазанындағы № 106 қорытындысы негізінде өрт ошағы қозғалыс барысында автокөліктің сол жағындағы қозғалтқыш бөлігінде болды және электр техникалық шыққан тұтану көзінен электр сымдары мен жанасатын жанғыш материалдардың оқшаулауының тұтануы ықтимал себеп болды. Яғни мұндай кемшіліктер автокөлікті шығару кезінде ғана пайда болушы еді. Осының негізінде Талапкер ҚР АҚ-нің 428-бабына сәйкес және бізде жоғарыда атағандай тиісті сол тауарды шартқа сәйкес келетін тауармен алмастыруды сұрады, яғни өртеніп кеткен автокөліктің орнынан сапасы мен сипатамаларына сәйкес дәл сондай автокөлікті беруді

---

<sup>48</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000>. (Өтінім берілген күн: 26.09.2021ж.)

сұрайды. Алайда сот Талапкердің талабын қанағаттандырмай тастайды<sup>49</sup>. Соттың пікірінше, Талапкердің Жауапкердің көлікті заңсыз ауыстырудан бас тартуын тану туралы талап қоюды негізсіз деп санайды, өйткені бұл талап Жауапкердің құқығы болып табылады және азаматтық-құқықтық шартты бұзу бойынша құқықтық қатынастардың пайда болуын білдіреді.

Мұндай шешім Азаматтық заңнаманың нормаларын бұзып отыр деп санаймыз. Заңнама бойынша кәсіпкерлерге жоғары жауапкершілік көзделген және жалғыз оның шегі бұл бой бермейтін күш болып табылады. Алайда жауапкер бұл істе болған өртті бой бермейтін күштің әсері екенін дәлелдемеді. Бақытымызға орай, бұл заңсыз шешім Талапкердің апелляциялық шағымы бойынша апелляциялық сотта қаралып, Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы мәлімделген талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдана отырып, бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жояды.

Нақтырақ айтқанда, сот алқасында бұл орын алған өрт бой бермейтін күштің әсерінен болды ма немесе бұл зауыт жіберген жарамсыздық болып табылады ма деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені анықтау мақсатында сот арнайы маман мен сот маманы шақырылды. Сотта өрт себептеріне өрт-техникалық зерттеу жүргізген жауап алынған маман және сот сарапшысы анықталған мән-жайлар мен деректерді, оның ішінде өрт ошағының орналасқан жерін, өрттің туындау сипаты мен даму қарқындылығын, автокөлік құралын пайдаланудың қысқа мерзімін, оның ошақ пайда болған кезде пайдалану барысында емес екендігін, өрт шығу қаупі бар екенін растады. Сөйтіп автокөліктің өздігінен жануына зауыттық сипаттағы автокөліктің техникалық ақаулары себеп болғаны анықталды. Осылайша, жауапкер тарапынан автокөліктің жануы және оның өрттен толық жойылуы талап қоюшы тарапынан автокөлікті дұрыс пайдаланбаудан болғаны немесе бой бермейтін күш негізінде болғаны дәлелденбеген, ал бұл құқықтық шарт сапасы лайықсыз тауарды ауыстыру туралы дауды шешу кезінде міндетті болып табылады. Осылардың негізінде сот талапкердің талабын қанағаттандырған болатын.

ҚР АҚ-нің 32-тарауы мердігерлік туралы жалпы ережелерді қамтиды. Бәріміз білетіндей мердігерлік шарт бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға

---

<sup>49</sup> Ақтөбе қалалық сотының 2021 жылдың 28 шілдесіндегі №1510-21-00-2/1653 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/e6df227c-3019-4d3a-bc68-f2c4872148c9> (Өтінім берілген күн: 30.09.2021ж.)

және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Жалпы норма бойынша мердігер мердігерлік нысанасының кездейсоқ жойылу немесе жұмысты аяқтаудың кездейсоқ мүмкін болмау қаупін көтереді, яғни егер мердігерлік нысанасы тапсырысшыға берілгенге дейін кездейсоқ қаза болса немесе объективті мән-жайлар бойынша жұмыстың аяқталуы мүмкін болмаса, онда тапсырысшы орындалған жұмыстарға ақы төлеуге міндетті емес. Бұл ҚР АҚ-нің 631-бабында көзделген. Демек, тапсырысты орындау барысында жұмсалған барлық шығындар мердігер үшін өтелмейтін шығындарға айналады, бұл жерде кәсіпкерлік тәуекел өз рөлін тауып отыр<sup>50</sup>.

Алайда нақты құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тәуекелді бөлісу көзделген, себебі мердігердің тәуекелі әртүрлі түрлердің ерекшеліктерін ескере отырып айтарлықтай нақтыланады. Сонымен, құрылыс мердігерлігі туралы ережелер оның ұзақ мерзімдерін және құрылыстың көптеген шарттарының тапсырыс берушіге тәуелділігін ескереді. Сондықтан бірқатар тәуекелдер соңғысына ауысады. Бұл ҚР АҚ-нің 652-бабында көзделген және келесідей анықталады: құрылыс объектісі жұмысты өткізудің шартта белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін дүлей күштің салдарынан қираған немесе бүлінген кезде тапсырысшы, егер шартта өзгеше көзделмесе, орындалған және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының құнын төлеуге міндетті<sup>51</sup>. Демек, мында тапсырыс берушінің тәуекелі бар және тапсырыс беруші жұмысты кездейсоқ орындау мүмкін еместігі қаупін көтереді.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2021 жылғы 21 шілдедегі №999-21-00-2а/2691 ісі. Істің мән-жайлары бойынша, Талапкер шарт соммасын және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы сотқа талап арыз береді, Жауапкер өз кезегінде орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актіні жарамды деп тану туралы соттан сұрайды. Тараптар арасында 2020 жылғы 15 қыркүйекте жалпы сомасы 182 968 058 теңгені құрайтын белгілі бір объектіні күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды. Жұмыстарды орындау мерзімі 2020 жылғы 30 қарашаға дейін белгіленген. Шарт жасалғаннан кейін тапсырыс беруші 54 890 417 теңге мөлшерінде аванстық төлем төледі, алайда 2020 жылғы 13 желтоқсанда шарт біржақты тәртіппен бұзылды. Осының негізінде Талапкер аванстық төлемді және тұрақсыздық

---

<sup>50</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000>. (Өтінім берілген күн: 05.10.2021ж.)

<sup>51</sup> Сол жерде.

айыбын өндіріп алуды талап етіп отыр. Өз кезегінде, Жауапкер құрылыс-монтаждау жұмыстарына уақытылы кіріскендігін дәлелдей отырып, қарсы талаппен жүгінді, алайда 2020 жылғы 20 қазанда ғимараттың жабын тақталарының құлауы болды, бұл күрделі жөндеу жүргізудің орынсыздығына алып келді деп уәждерін келтірді. Жабын тақталары құлағанға дейін Жауапкер мердігері 33 643 184 теңге сомасына жұмыстарды орындады, бұл Талапкер қол қойған орындалған жұмыстар актісімен, техникалық қадағалаумен және мердігермен расталады. Іс материалдары анықтағандай, асхана құлағанға дейін объектідегі құрылыс-монтаж жұмыстарына қылмыстық іс бойынша процессуалдық шешім қабылданғанға дейін тыйым салынған. Сараптамалық ұйымының техникалық тексеруінен шығатыны құлау Жауапкер кінәсінен емес, ғимараттың тозу себептерінен болғаны шығады. Жөндеу ғимаратының тозуы 50% - дан асады, ғимарат техникалық нормаларға сәйкес келмейді. Нәтижесінде ғимарат апаттық деп танылды және болашақта жұмысты жалғастыру мүмкін емес деп қорытындылады<sup>52</sup>. Сот бұл жерде сот ҚР АҚ-нің 652-бабының 1 және 2-тармақтарына сілтеме жасайды.

Демек, сот жұмыстарды тапсырғанға дейін оларды орындаудың кездейсоқ мүмкін еместігі қаупін Тапсырыс беруші көтереді деген қорытындыға келді, ол АҚ-нің 652-бабының 1-тармағына сәйкес орындалған жұмыстардың құнын төлеуге міндетті. Ғимараттың физикалық тозуы оны ұзақ уақыт бойы пайдалану барысының нәтижесі болып табылады, төтенше жағдайлардың немесе бой бермейтін күш жағдайларының туындауымен байланысты емес.

Тасымалдаушының жауапкершілігі тасымалданатын жүктің сақталмағаны үшін және жүкті жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершіліктен көрінеді. Бұл ҚР АҚ-нің 34-тарауымен реттеледі және бой бермейтін күш жағдайының қолданылуы екі жағдайда қарастырылған. Нақтырақ айтқанда, ҚР АҚ-нің 702-бабына сәйкес, тасымалдаушы және жүкті жөнелтуші көлік құралдары берілмеген немесе уақтылы берілмеген не көлік құралдары пайдаланылмаған жағдайда, егер бұл дүлей күштің, не көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленген белгілі бір бағыттарда жүктерді тасымалдауды тоқтатудың немесе шектеудің немесе заң актілерінде көзделген өзге де жағдайлардың салдарынан болса

---

<sup>52</sup> Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 21 шілдедегі №999-21-00-2а/2691 қаулысы // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/8f1d35f8-8d4e-4f13-a2c9-2047ddae7d16> (Өтінім берілген күн: 30.09.2021ж.)

жауаптылықтан босатылады<sup>53</sup>. Осылайша тасымалдау шартының тараптары бой бермейтін күш немесе мемлекеттік органдардың шектеулері орын алған жағдайларда жауапкершіліктен босатылады. Осыған ұқсас норма ҚР АҚ-нің 704-бабында көзделген, яғни жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, егер кідірту немесе кешігу дүлей күштің салдарынан орын алғанын дәлелдемесе, жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді деп белгіленген<sup>54</sup>. Осылайша, көрсетілген жағдайларда тасымалдаушы өз кінәсіне қарамастан тек бой бермейтін күш негізінде жауапкершіліктен босатылады. Еркеретін жйәт, кінә қағидаты бойынша тасымалдаушының жүкті жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін жауапкершілігі құрылады. Ал ҚР АҚ-нің 705-бабының 2-тармағына сәйкес, егер тасымалдаушы жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) өзінің кінәсінен болмағандығын дәлелдемесе, ол жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны үшін жауап береді<sup>55</sup>. Мұны келесі мысалмен нақтырақ ашқымыз келеді.

Бұл іс Алматы қаласының МАЭС-ымен 2018 жылы қарастырылған №7527-18-00-2/8091 ісі, бұда Талапкер Жауапкерден 34 087 999 теңге мөлшеріндегі соманы өндіріп алу туралы сұрайды. Істің мән-жайлары бойынша тараптап арасында көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуге 2014 жылғы 01 шілдедегі №43/14 шарт жасалды, оның шеңберінде Жауапкер жүкті тасымалдау бойынша қызмет көрсету міндеттемесін өзіне алды. Жауапкердің айтуынша, жүкті жеткізу жүзеге асырылмағау себебін жүк үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттерінің салдарынан жоғалған. Нақтырақ айтқанда, Жауапкер шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында үшінші заңды тұлғаны тартады, бұл заңды тұлғаның жүргізушісі жалған құжаттар ұсынып, осы жүкті тасымалдауға шығып кейін хабарсыз кетті. Жауапкер бұл ретте тиіс органдарға хабарлап, қылмыстық іс басталған болатын, бұлар нақты процессуалдық құжаттармен расталады. Сот отырысында Талапкер Жауапкердің үшінші тұлғаларды тасымалдауға тартуға құқығы бар екенін, Талапкерге жүктің жоғалу дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалғанын және Жауапкер қылмыстық іс

---

<sup>53</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 05.10.2021ж.)

<sup>54</sup> Сол жерде.

<sup>55</sup> Сол жерде.

бойынша жәбірленуші деп танылғанын, сондай-ақ Талапкер қозғалған қылмыстық іс шеңберінде шығарылған іс жүргізу құжаттарымен келіскенін растады. Талапкер Жауапкерден шығындарды өтек туралы кепілдік хат алғанын алға тартып, және осының негізінде Жауапкер шығындарды өтеу керек деп уәждейді. Сот ҚР АҚ-нің 359 және 705-баптарына сілтеме жасап, Талапкердің талап қою талаптарын негіздеуге ұсынған Жауапкердің кепілдік хаты жүкті жоғалтудағы кінәлілігінің дәлелі болып табылмайды және ақша аудару бойынша міндеттемелерге әкеп соқпайды деген тұжырымға келеді. Себебі Жауапкер жасаған ұрлық дерегі үшін кінәлі емес. Осылайша сот Жауапкерді жауапкершіліктен босатады<sup>56</sup>.

Бұл мысал тасымалдаушының жүкті жоғалту немесе бүлдіру үшін жауапкершілігі кінә қағидатына негізделгенін растайды. Егер тасымалдаушының жауапкершілігі кінә қағидатына негізделсе, онда оны жауапкершіліктен босату үшін оқиғаның немесе құбылыстың бой бермейтін күш қасиеттеріне ие болуы талап етілмейді. Егер олар жүк туралы тиісті қамқорлық танытқан жағдайда да оның салдары тасымалдаушы үшін күтпеген болуы керек.

Келесі жауапкершіліктен бой бермейтін күш негізінде босату жағдайы сақтаушы-кәсіпкердің жауапкершілігі жағдайларында орын алды, нақты ҚР АҚ-нің 779-бабының 1-тармағында көзделгендей, сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі дүлей күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады<sup>57</sup>. Бұл ретте сақтаушы-кәсіпкер деп өзінің кәсіби қызметінің мақсаттарының бірі ретінде сақтауды жүзеге асыратын коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйым түсініледі. Көріп тұрғанымыздай кәсіби сақтаушының жауапкершілігі сақтау кезіндегі қатынастардың ерекшелігіне байланысты жалпы ережелермен салыстырғанда біршама тарылған. Сонымен, кәсіби сақтаушы кез-келген кінәлі жіберіп алу үшін ғана емес, сонымен қатар егер ол жоғалту, жетіспеушілік немесе зақымдану бой бермейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, қарапайым жағдай үшін де жауап береді

---

<sup>56</sup> Алматы қаласының МАЭС-нің 2018 жылғы 10 қыркүйегіндегі №7527-18-00-2/8091 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/c389bdcf-53ce-451b-9355-858cd3e4d911> (Өтінім берілген күн: 30.09.2021ж.)

<sup>57</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 05.10.2021ж.)

Келесі мысалмен қарастырып көрейік, ШҚО МАЭС-ында 2016 жылы қаралған №2-6309-16-00-2/4083 іс бойынша Талапкер Жауапкерден материалдық залалды өтеу бойынша талап-арызды сотқа берген болатын. Белгілі бір қылмыстың істің құжаттары негізінде, сот орындаушысы 05.05.2016 жылғы атқару парағының негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғады, 04.07.2016 жылы атқару парағында көрсетілген тізбеге сәйкес мүлік тізімдемесінің хаттамасын жасады және Жауапкер сақтауға берді. Талапкердің айтуы бойынша Жауапкер мүлікті сақтаушы бола отырып, оның сақталуын қамтамасыз етпеді және материалдық жауапкершілікке тартылуы керек. Жауапкердің өкілі сот отырысында талап арызбен келіспеді, өз дәлелдерін тәркіленген мүлік өрттің салдарынан жойылғанын, бұл бой бермейтін күшке жататынын, осыған байланысты олардың кінәсі жоқ екенін, тиісінше олар жауап бермеуі тиіс екенін алға тартты. Сот ҚР АҚ-нің 779-бабына сәлтеме жасай отыра, жауапкер тарапының бой бермейтін күштің орын алғаны туралы дәлелдерін сот дәрменсіз деп санайды, өйткені қойма иесінің өзі (иесі) өз аумағындағы өрт қауіпсіздігі үшін, сондай-ақ аумақты үшінші тұлғалардың енуінен қорғауды қамтамасыз ету үшін, оның ішінде өртке қарсы жабдықтарды қою үшін де жауап береді деп, талапкердің талабын қанағаттандырады<sup>58</sup>.

ҚР АҚ-нің 931-бабына сәйкес, қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті<sup>59</sup>. Көріп отырғанымыздай, жоғары қауіп көздері иелерінің жауапкершілігі кінә өлшемдері бойынша бағаланады. Басқаларға үлкен қауіп төндіретін қызмет арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік ережелерінің ерекшелігі, оны жүзеге асырудың үш шарты бар: зиянның басталуы, зиян келтірушінің мінез-құлқының заңсыздығы, заңсыз мінез-құлық пен зиянның басталуы арасындағы себептік байланыстың болуы. Айналасындағылар үшін жоғары қауіпті қызметті жүзеге асыратын адам кінәсі болмаған кезде, оның ішінде кездейсоқ зиян келтіргені үшін де жауап береді. Әдебиетте жоғары қауіп көзі иесінің

---

<sup>58</sup> ШҚО МАЭС-ында 2016 жылғы 15 желтоқсанындағы №2-6309-16-00-2/4083 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/7611b77e-24ed-47a4-8cab-ac370c1eca07> (Өтінім берілген күн: 9.10.2021ж.)

<sup>59</sup> Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 05.10.2021ж.)



жауапкершілігін бой бермейтін күш шегіне дейін кеңейтуге көп көңіл бөлінеді. Бұндай істерді талдағанда бой бермейтін күшті оқиғадан ажырата білген жөн, себебі, оқиға жоғары қауіп көзі иесін азаматтық жауапкершіліктен босатпайды. Бұл туралы В. Е. Суржиков Е. А. Сухановтың ойын былай жеткізді: «Азаматтық құқықтағы іс (оқиға) - бұл оқиға болуы мүмкін, бірақ оған жауапты адам оны күтпеген жерден алдынала болжау және алдын-алу мүмкін болмағандықтан ғана алдын ала алмаған оқиға», - деп дұрыс айтады<sup>60</sup>. Ендігіде келесі сот ісін мысал ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

Павлодар облысы Ақсу қалалық соты 2021 жылы қаралған №5516-20-00-2/1522 ісі бойынша Талапкер залал сомасын өндіріп алу туралы соттан сұрайды. Істің мән-жайлары бойынша 2020 жылдың 5 шілдесінде жүргізуші Жауапкер өзіне меншік құқығында тиесілі «Mercedes Benz 200 маркалы автокөлігін «Ленинский-Русская поляна» бағытындағы көлікжолымен жүріп, Талапкердің жол бойында тұрған «Hyundai Creta» автокөлігіне соғылып зақымдады. Жауапкер өз кезегінде бұл жағдай бой бермейтін күш негізінен болғанын, яғни қатты жаңбыр басталып, Жауапкер көлікті тиісті түрде жүргізе алмады. Бұл уәждері сараптама тағайындау туралы қаулыда көрсетілген бастапқы деректер бойынша Жауапкер автокөлікті жүргізу кезінде жол жағдайлары үшін жол берілетін оның қозғалыс жылдамдығы сағатына 69 км-ге тең болды және Талапкер көлігіне соқтығысуын болдырмауға техникалық мүмкіндігі болмады. Сот ҚР АҚ-нің 931-бабына сілтеме жасай отыра, Талапкердің талабын қанағаттандырмай Жауапкерді жауапкершіліктен босатады<sup>61</sup>.

Жоғарыда біз жоғары деңгейдегі кәсіпкерлердің жауапкершілігі немесе кәсіпкерлік тәуекел жағдайларын нақты заң нормаларда көзделген жағдайларды қарастырдық. Бой бермейтін күш бар ретте әр түрлі іс-қимыл нұсқалары бар екенін түсіну маңызды және өз іс-қимылдарының нұсқасын айқындау кезінде шарттың түрін (жеткізу, жалға алу, қызметтер көрсету және т.б.) және шарт түрінен туындайтын салдарларды, ҚР заңнамасында көзделген талаптарды және нақты шарттың талаптарын басшылыққа алу

---

<sup>60</sup> Суржиков В. Е. Основания освобождения владельца источника повышенной опасности от гражданской ответственности // Право и социальные отношения. – 2010. Б. 191 // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovaniya-osvobozhdeniya-vladeltsa-istochnika-povyshennoy-opasnosti-ot-grazhdanskoy-otvetstvennosti> (Өтінім берілген күн: 17.09.2021ж.)

<sup>61</sup> Павлодар облысы Ақсу қалалық сотының 2021 жылғы 2 наурызындағы №5516-20-00-2/1522 шешімі// Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/d02f7f0b-cac0-4838-95e7-8eb1156bbc0> (Өтінім берілген күн: 10.10.2021ж.)

қажет. Осыған байланысты негізгі мәселелердің бірі ҚР заңнамасының талаптарын, шарттың түрін, уағдаластықтар мен мүмкіндіктерді негізге ала отырып, іс-қимыл тәртібін айқындау және қалыптасқан жағдайдан шығу стратегиясын айқындау болып табылады<sup>62</sup>. Осылайша, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, мерзімі өткен борышкер, сондай-ақ кәсіби сақтаушы олардың кінәсіздігі дәлелденген жағдайда да міндеттеме бойынша жауап береді, ал тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бірқатар жағдайларда кінәға қарамастан туындайды, сондай-ақ зиян келтіргені үшін жоғары қауіптілік көздерінің иелері, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиян үшін сатушылар (дайындаушылар, орындаушылар) міндеттерін орындамау кінәлі не кездейсоқ болса да жауапкершілікке тартылады.

Алайда, бұл кәсіпкерлерге көзделген жоғары жауапкершілік мүлдем шексіз екенін білдірмейді. Егер шарттық міндеттемені бұзу немесе зиян келтіру бой бермейтін күштің салдары болып табылатынын дәлелдесе, міндетті тұлға жауаптылықтан босатылады. Сондықтан бой бермейтін күш санатының мәнін анықтау, бой бермейтін күшті қарапайым жағдайдан ажырату өте маңызды.

### **2.3. Сот тәжірибесінде бой бермейтін күш жағдайларын анықтау барысындағы кететін ақаулықтар**

Бой бермейтін күш жағдайларына олардың маңызды сипаттамаларына байланысты толықтай біржақты пайымдаулар жасау мүмкін емес. Осыған байланысты бой бермейтін күш құбылысына белгілі бір жағдайларды кірзигу туралы қандай-да бір шешім қабылдауға тырысқанда қиындықтар пайда болады, өйткені көбінесе осы түрдегі жағдайлардың құқықтық табиғаты екіұштылыққа, толық түсінілмеуіне, жасырын мән-жайлардың ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Осылайша, құқықтық белгісіздікті толығымен болдырмауға болмайды. Тәжірибелік қызметте де бой бермейтін күш жағдайларын саралау кезінде белгісіздік әсерінің көрінісін байқауға болады.

Мысалы, ОҚО сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында 2018 жылы қаралған № 2а/1608-2017 істі алып көрейік. Істің

---

<sup>62</sup> Есенжулова К. Обстоятельства форс-мажора и их последствия. Мақала жазылған күн: 05.05.2020 // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34640609&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34640609&pos=6;-106#pos=6;-106)

мән-жайларына сәйкес Талапкер Жауапкерден 56 400 теңге сомасындағы материалдық залалды, 500 000 теңге сомасындағы моральдық зиянды, 70 000 теңге сомасындағы өкілдік қызметтерді және сот шығыстарын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінді. Өзінің табалы келесі мән-жайлардың негізінде уәждейді: 18.04.2016 жылы Жауапкерден Астана-Ақтау-Ыстамбул рейсіне 16.07.2016 ұшу күнімен әуебилет сатып алғанын айтады. Көрсетілген күні Астана қаласының әуежайына келгеннен кейін ғана Жауапкерден Түркиядағы тұрақсыз жағдайға байланысты рейс 19.07.2016 жылға ауыстырылғаны туралы СМС хабарламалар алды. Талапкер кейін Жауапкер қызметкерлерінен ол Стамбул әуежайының жабылуына байланысты рейстің тоқтатылғанын білді. Содан кейін ол жауапкерге билеттерді тапсырып, 56 400 теңге сомасында қосымша ақы төлеуге мәжбүр болып, сол күні өзге әуекомпания арқылы Ыстамбұл қаласына ұшып кетті. Осылайша, Жауапкердің заңсыз әрекеттері оның құқықтары мен мүдделерін бұзды. Абай аудандық сотының 2017 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен талапты қанағаттандырудан бас тартылды<sup>63</sup>.

Кейін бұл істі апелляциялық алқа қарап, бұл шешімді заңды деп санайтынын айтады. Мұның себебі, сотта анықталғандай, 16.07.2016 жылға жоспарланған бағытты Жауапкер Түркиядағы тұрақсыз саяси жағдайға байланысты 19.07.2016 жылға ауыстырды. Бұл жағдай Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің және бұқаралық ақпарат құралдарының (интернет-басылымның) «Түркияда 15.07.2016 жылдан 16.07.2016 жылға дейін әскери төңкеріс жасау әрекеттерінен өту туралы» ақпаратымен расталады. 16.07.2016 жылғы СМС хабарлама арқылы сағат 14.05-те әуе компания жолаушыларына Түркиядағы тұрақсыз жағдайға байланысты Жауапкер Ақтау-Ыстамбул рейсін 16.07.2016 жылдан 19.07.2016 жылға ауыстыру туралы хабарлайды. АҚ 182-бабының мағынасы бойынша, бой бермейтін күш – төтенше және жеткізу жағдайлары кезіндегі оқиға. Ал АҚ-нің 702-бабының 2-бөлігінің 1-тармағына сәйкес тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші көлік құралдары берілмеген немесе уақтылы берілмеген не егер бұл бой бермейтін күштің салдарынан болған болса, көлік құралдары пайдаланылмаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Осылайша, Жауапкер тарапынан Талапкердің 16.07.2016 жылғы Астана-Ақтау-Ыстамбұл бағыты бойынша рейс бой бермейтін күшке байланысты кейінге қалдырылды. Талапкердің

---

<sup>63</sup> ОҚО сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында 2017 жылғы 22 маусымындағы № 2а/1608-2017 қаулысы // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/b177d465-969d-4017-a924-4d9089b0dfea> (Өтінім берілген күн: 16.10.2021ж.)

басқа әуэкомпаниямен ұшып шықты, осыған байланысты жауапкердің рейсті кешіктіруге негіз жоқ деп санау туралы уәждерін сот алқасы дәрменсіз деп санайды, өйткені басқа компания өз қорқынышы мен тәуекеліне сәйкес әрекет етті, ал Жауапкер шығынға ұшырап сол кезде ақылға қонымды сақтық танытты. Осылайша сот Жауапкердің бой бермейтін күш жағдайларына сәйкес тасымалдаушыны жауапкершіліктен босатқан болатын<sup>64</sup>.

Алайда зерттеу барысында біз айтқандай, бой бермейтін күш бұл объективті жағдай, оған төтеп беру нақты тарапқа емес, кез келген оның орнында болған тұлғалар үшін де тойтарылмайтын болады. Демек, бұл жағдайда біз бой бермейтін күш орын алды деп айта алмаймыз, себебі бір тұлға оған төтеп берді де, екіншісі төтеп бере алмады.

Сондай-ақ соттар кейде бірдей жағдайларда бір жауапкердерді жауапкершілікке тартып олардың кәсіпкерлік тәуекелдерін ескеріп, ал екінші жауапкерлерге бой бермейтін жағдайларын қолданып жауапкершіліктен босатты.

Мысалы, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасында қаралған № 2а/758 -2021 ісі бойынша Талапкер жалпы сомасы 9 550 000 теңгеге сатып алу туралы шарт бойынша тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамағанына сілтеме жасай отырып, сотқа тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап-арызбен жүгінді. Жамбыл облысы МАЭС-ның 2021 жылғы 29 шілдедегі шешімімен талапты толық көлемде қанағаттандырудан бас тартылды. Іс материалдарын қарайтын болсақ, Талапкер мен Жауапкер жалпы сомасы 9550 000 теңге тауарды жеткізуге сатып алу туралы шарт жасасқан. Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 30 күнтізбелік күн. Тауарды жеткізбеуге байланысты шарт біржақты тәртіппен 2020 жылғы 19 қазанда бұзылды. Жауапкер Талапкермен шарттық міндеттемелерді орындау үшін 2020 жылдың 18 шілдесінде қытайлық компаниямен жеткізілім шартын жасады, ол бойынша қытайлық компания тауарларды 2020 жылдың 20 тамызына дейін жеткізуге міндеттенеді. Алайда, Қазақстан Республикасында коронавирустың таралуына қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген шектеу шараларының нәтижесінде импорттық бөлшектерді жеткізу 2020 жылғы шілдеден бастап 2020 жылғы 30 желтоқсанға дейін Қазақстан-Қытай шекарасында автокөлік құралдары мен

---

<sup>64</sup> ОҚО сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында 2017 жылғы 22 маусымындағы № 2а/1608-2017 қаулысы // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/b177d465-969d-4017-a924-4d9089b0dfea> (Өтінім берілген күн: 16.10.2021ж.)

жүк вагондарының жай тұруы орын алғандықтан қиындады. Осы себептерді ескере отырып сот ҚР АҚ-нің 359-бабын негізге алып Талапкердің талап-арызын қанағаттандырусыз қалдырды.

Ал енді Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-ында қаралған №7119-21-00-2/10581 ісі бойынша, 2021 жылғы 10 мамырда тараптар арасында жалпы сомасы 1 093 400 теңгеге №197-21 МС ЖТК тауарларын сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды. Шарт талаптары бойынша Жауапкер 45 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушінің өтініші бойынша 10 дана компьютерге арналған процессорды жеткізуге міндеттенеді. Алайда Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан Талапкер тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды. Жауапкер бұл талапты мойындамады және жеткізілетін өнімді шығаратын өндіруші емес екенін (Intel core i5 LGA1151 процессоры) көрсете отырып, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады, себебі бұндай тауарлары дайындаушы зауыттан (Қытай) сатып алынатынын және тауарды жеткізумен айналысатынын алға тартты. Коронавирустық инфекцияға байланысты әлемдік дағдарысты ескере отырып, бұл тауарды жеткізу мүмкін болмады, өйткені дайындаушы зауыт тауарды жеткізу кезегі шілде айынан бастап 2021 жылғы қарашаға жылжытылатынын хабардар етті. Сот бұл жағдайларға қарамастан Жауапкер тарапынан шартты орындауда теріс пиғыл бар екенін анықтайды, өйткені шарт жасамас бұрын Жауапкер жеткізудің шектеулі мерзімдерін ескере отырып, ҚР АҚ-нің 359- баптың 2-тармағына сәйкес бұл жағдайды білуі мүмкін және білуі керек еді және осы баптың мазмұнына нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің болмауы жатпайды, сәйкесінше бой бермейтін күшке де жатпайды деп уәждеді. Осылардың негізінде Талапкердің талабы қанағаттандырылды.

Бой бермейтін күшке сол немесе басқа жағдайларды жатқызу мәселесі көп кезде анық бола бермейді. Жоғарыда келтірілген істер де соны растайды. Соттардың тәжірибесін қарағанда кейде соттар істің мән-жайлары бірдей жағдайларда әр түрлі шешімдер қабылдап жатады, ал кейбір кезде бір сот талқылауында бір-бірімен тығыз байланысты талаптарды талдағанда сот біреуіне бой бермейтін күш жағдайын пайдаланып, екіншісіне оны қолданбай қате шешімдер қабылдап жатады. Мәселен, Нур-Сұлтан қаласының МАЭС 2020 жылдың 4 наурызындағы №7119-19-00-2/16496 ісі. Бұл іс бойынша Талапкер екі талап қойып отыр: 1) Жауапкерді мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы ретінде тану; 2) тұрақсыздық айыбын өндіру. Істің мән-жайлары бойынша, Жауапкер 2020 жылдың 10 желтоқсанына дейін Талапкерге тауарларды жеткізу керек еді. Алайда Жауапкер ауа-райының бұзылуына байланысты уақытында жеткізе алмай, тауарды тек 2020 жылдың 25 желтоқсанына

жеткізеді. Ауа-райының бұзылғандығын дәлелдеу мақсатында Жауапкер 112 нөмірінен (төтенше жағдайлар департаментінің бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің телефон нөмірі) келген СМС-хабарламаларды сотқа табыстады. Сот бұл дәлелдемелерді қабылдап, Талапкердің 1-талабын қанағаттандырмайды, алайда 2-талабын қанағаттандырады<sup>65</sup>. Бұл жағдай өте қызық болып тұр, себебі АҚ-нің 359-бабын қарайтын болсақ, өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бұл бой бермейтін күштің негізінде орындалмағанын дәлелдесе мүліктік жауаптылықты көтермейді. Сондай-ақ сот екінші талап бойынша жағдайды талдағанда АҚ-нің 298-бабын негізге алады, алайды тіпті сол бапта да АҚ-нің 359 бабын ескеру керектігі көрсетілген. Сот өзінің шешімінде орын алған дауды шешу кезінде бой бермейтін күштің орын алғанын мойындап, бірінші талапты талдағанда қолданып отыр, алайда неге екінші талапта бұны қолданбағаны белгісіз.

Негізі ҚР АҚ-нің бабы шарттық міндеттемелерді орындамағанда оның мұндай бұзушылықтары бой бермейтін күш салдарынан болса оны тұрақсыздық айыбын және өзге де материалдық шығындардан босату мақсатында қолданылады. Алайда бұл жерде жауапкердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып отыр. 359-бап екі негізге белгілерімен қоса себептік-салдарлық байланыс белгілісі тұспалданады, яғни бұл бапта айтылады «егер борышкер дәлелдесе», алайда бұл жағдай көбіне соттардың назарынан тыс қалып қояды.

Мысалы, 2017 жылдың 23 қазанында тараптар арасында №183-санды шарт жасалып, Жауапкер Қызылорда облысы Арал ауданы Қызылжар елді мекенінде кіреберіс автокөлік жолына күрделі жөндеу жұмыстарын 2017 жылдың 28 желтоқсанына дейін орындауға міндеттенген. Жауапкер шарт бойынша бөлінген жұмыстарды 2017 жылдың 10 желтоқсанында аяқтаған. Алайда Талапкер жұмыс нәтижесін қабылдаудан бас тартады. Себебі 2017 жылдың 20 желтоқсанындағы хатында техникалық қадағалаушы тұлға жұмыстар қысқы уақытта жүргізілуіне байланысты жолдың сапасы нашар екенін, жұмыстарды қайта жасау керек екенін көрсеткен. Бұл бойынша Жауапкер қыс мезгілі болғандықтан бой бермейтін күш орын алып, осы себепті міндеттемені тиісінше орындамағанын көрсетеді. Осының негізінде сот Талапкердің талабын қанағаттандырмайды.

---

<sup>65</sup> Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС 2020 жылдың 4 наурызындағы №7119-19-00-2/16496 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: [https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/f0708148-f975-47c4-ab60-feb5ab\\_71040f](https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/f0708148-f975-47c4-ab60-feb5ab_71040f) (Өтінім берілген күн: 10.10.2021ж.)

Талапкер осымен тоқтап қалмай апелляциялық шағым береді, осылай іс Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасында №4399-18-00-2а/610 қарастырады. Бұл істі қайта қарау барысында апелляциялық алқа келесідей айтады, бұл нормада (АК-нің 359-бабы) тосыннан, төтенше орын алатын мән-жайлар жөнінде айтылған. Мұндай мән-жайларға қыс мезгілінің түсуі жатпайды. Сондықтан аталған нормаға сүйеніп соттың жауапкерді мүліктік жауапкершіліктен босатуы дұрыс емес» деп пайымдайды. АК-нің 359-бабының 1-тармағы бойынша кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес міндеттемені бұзғандық үшін жауапкершілікке тартуға субъектінің кінәлі болуы шарт болса, осы баптың 2-тармағы бойынша кәсіпкерлік қызметпен байланысты міндеттемені бұзғандық үшін мүліктік жауапкершілік тұлғаның кінәлы-кінәсіздығына байланыссыз туындайды. Сондықтан соттың міндеттеменің тиісті түрде орындалмауына жауапкердің кінәсы жоқ деген негізбен тұрақсыздық айыбын төлеуден босатуы да заң талабына қайшы болып келеді. Істің бұл тұрғысында сот шешімі өзгертілуге, талап арыздың тұрақсыздық айыбын өндіру жөніндегі бөлігі қанағаттандырылуға жатады.

Осы секілді пандемия орын алғанда да соттар тарапынан себептік-салдарлық жағдай зерттелмей кете берді. Мысалы, Алматы қаласының МАЭС-ында 2020 жылдың 19 маусымында қаралған №7527-20-00-2/3062 ісі бойынша Талапкер шарттық міндеттемелерін орындамаған Жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арыс берген. Істің мән-жайлары бойынша 2020 жылғы 20 ақпанда іс бойынша тараптар арасында тауарды жеткізу шарты жасалды, орындау мерзімі – 2020 жылғы 15 наурызға белгіленді. Жауапкер сотқа талап арызға жазбаша пікір ұсынған жоқ және тиісті хабарланғанына қарамастан, өкілдерінің келуін қамтамасыз етпеді. Сот ҚР АК-нің 359-бабына сілтеме жасап, сондай-ақ 2020 жылдың 11 наурызында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен жаңа коронавирустық инфекцияны пандемия деп жарияланғанын және 2020 жылдың 16 наурызында Қазақстан аумағында төтенше жағдай режимі енгізілгенін негізге алып Талапкердің талап-арызын қанағаттандырмайды<sup>66</sup>.

Осы секілді келесі іс Маңғыстау облысының МАЭС-ында 2020 жылдың 15 маусымында №4712-20-00-2/971 ісі қаралған. Іс бойынша тараптап арасында 2020 жылдың 2 наурызында №121 шарт жасалды, оның талаптары бойынша Жауапкер тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді

---

<sup>66</sup> Алматы қаласының МАЭС-ында 2020 жылдың 19 маусымындағы №7527-20-00-2/3062 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: [https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/8aa0953d-c14e-4654-806b-1ea2c\\_b50a7e4](https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/8aa0953d-c14e-4654-806b-1ea2c_b50a7e4) (Өтінім берілген күн: 10.10.2021ж.)

өзіне алды, ал Талапкер төлем жүргізуге міндеттенді. Шартқа №1 қосымшаға сәйкес тауарды жеткізу 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады, яғни 17 наурызға дейін. Бұл істе де Талапкер тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды, ал Жауапкер өз кезегінде пікір де жазбай, сотқа да өкілдері келмеді. Сот бұл істе ҚР АҚ-нің 359-бабына сілтеме жасап, ҚР Президентінің №285 Жарлығына сәйкес жаңа коронавирусын індетіне байланысты пандемия ҚР заңнамасына сәйкес еліміздің бүкіл аумағында төтенше жағдай енгізілгенін айтады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі №306 Жарлығымен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдайдың қолданылуы 2020 жылғы 1 мамырда 07 сағат 00 минутқа дейін ұзартылды. Осылайша, сот жауапкер төтенше жағдай салдарынан шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамады, бұл оны жауапкершіліктен босатады деген тұжырымға келеді<sup>67</sup>.

Әрине мүмкін осы төтенше жағдайдың енгізілуі, жалпы пандемия орын алуы кәсіпкерлердің өз шарттық міндеттемелерін орындауға белгілі бір кедергілерін келтірген болар, алайды неліктен сот жауапкерден пікір алмай, нақты мән-жайды зерттемей оларды жауапкершіліктен босатады. Осылардың негізінде, біз бой бермейтін күш санатындағы құқықтық белгісіздік негізінен теріс себепшарт екенін көреміз, себебі оның болуы бой бермейтін күш жағдайларын саралауында мәселелер тудырады.

ҚР АҚ-нің жалпы бөлімінде 182-бабының 1-тармағының 1-тармақшасында және 359-бабының 2-тармағында «бой бермейтін күш» термині қолданылады. Сондай-ақ азаматтық құқық бойынша оқулықтарда дәл осылай «бой бермейтін күш» термині пайдаланылады. Ал Жоғарғы сот пандемия орын алған уақытта «Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты сот практикасының жекелеген мәселелері бойынша» №1 Түсіндірмесінде АҚ-нің 359-бабын ашу барысында «бой бермейтін күш» терминін қолданады. Ендігіде АҚ-нің Ерекше бөлімін ашатын болсақ Заңшығарушы 429-бабының 2-тармағында, 652- бабының 1-тармағында, 702- бабының 2-тармағының 1-тармақшасында, 704- бабының 1-тармағында, 779- бабының 1-тармағында, 789-бабының 1-тармағында, 931- бабының 1-тармағында, 950-бабында, яғни «бой бермейтін күш» термині қолданылу қажет заң нормаларында «дүлей күш» терминін қолданады. Бұндай терминдерді бірқатарлы синонимдер ретінде қолданылуы дұрыс емес деп ойлаймыз.

---

<sup>67</sup> Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2020 жылғы 15 маусымындағы №4712-20-00-2/971 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/9944bf53-8cc7-4394-8c9f-f60259a06639> (Өтінім берілген күн: 26.10.2021ж.)



Біріншіден, «бой бермейтін күш» сөзі бой бермейтін күштің белгісі болып табылатын «тойтарылмайтын» сөзінің синонимі болып табылады, осылайша біз бой бермейтін күш терминінің орнына бұл сөзді қолдану арқылы бұндай құбылыстың мәнін тарылтып отырмыз. Екіншіден, «дүлей» сөзі осы секілді бірақ ауа-райының бұзылуын білдіреді. Егер де Г. С. Сапарғалиевтің өзінің еңбегінде «дүлей» сөзінің келтірілген мағыналарын қарайтын болсақ, бұл термин табиғи апаттарды сипаттауға қолданылып отыр<sup>68</sup>. Осылайша біз АК-інде бой бермейтін күш жағдайын сондай тар мағынада тек табиғи апаттар ретінде түсіндірілетінін көріп отырмыз.

Бой бермейтін күш өзінің сипаттамасында салыстырмалық белгіні көрсететінін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бой бермейтін күш жалпы өзінде белгілі бір құқықтық белгісіздікті сипаттайтын құбылыс, және бұл оның ерекшелігі. Оны зерттеу және анықтау соттарға әр кезде оңай бола бермейді, ал біз осы терминді құқықтық нормаларда әр түрлі терминдермен белгілеп, құқыққолданушыларға одан да артық белгісіздікті қолдан жасап отырмыз. Құқықтық сенімділік жалпы құқықтық қағидат ретінде қарастырылады және осы қағидатқа сәйкес әр заң (нормативтік құқықтық акт) қажет болған жағдайда маманның көмегіне жүгінбей-ақ орта білімі және зияткерлерлігі дамыған азаматқа түсінікті болуы керек. Алайда қазіргі бой бермейтін күшке байланысты қолданылатын нормалар бұны қамтамасыз етпейді.

## **II-Тарау бойынша тұжырым**

Азаматтық құқықтық қатынастар қатысушыларының өзара шарттық қатынастарға түскеннен кейін пайда болатын міндеттемені орындай алмау не тиісінше орындай алмау жағдайларында бой бермейтін күш құбылысының орын алуы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әсерін зерттеу негізінде келесідей тұжырымдар жасалды:

1) Бой бермейтін күш азаматтық құқықтық жауапкершіліктің шегі болып табылады.

2) Бой бермейтін күш бұл міндеттемені тиісінше орындамау немесе орындамау кезінде азаматтық құқықтық жауапкершіліктен босататын құбылыс, алайда бұл міндеттеменің тоқталуына алып келмейді.

3) Бой бермейтін күштің салыстырмалылық және себептік-салдарлық байланыс белгілерінің нақты анықталмауы себептерінен сот тәжірибесінде бой бермейтін күш жағдайларын анықтау барысында қателіктер кетіп,

---

<sup>68</sup> Сапарғалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий – А., Институт законодательства РК, 2008. Б. 153

жауапкерлерді міндеттеменің тиісті дәрежеде немесе тиісті орындамау негіздері бойынша жауапкершіліктен босатылып жатады.

4) Бой бермейтін күш ұғымы біздің заңнамада бірнеше терминдермен, яғни еңсерілмейтін күш, дүлей күш деп сипатталып, соның нәтижесінде құқықтық белгісіздік мәселесі туындайды.

5) Бой бермейтін күш құбылысының болмысын, оның мазмұнын ашатын тиісті нормативтік құқықтық құжат керек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Осы жұмыс аясында бой бермейтін күш және оның азаматтық құқықтық жауапкершілікке әсері бойынша қалыптасқан ғылыми көзқарастар, ҚР азаматтық заңнамасы және заңнаманың қолдану тәжірибесі зерттелді. Бой бермейтін күш біздің ғылыми әлемде және заңнамада толық ашылмау себептерінен тәжірибеде де осы бойынша жеткілікті олқылықтар туындайды. Жасалған зерттеу негізінде айқындағанымыздай бой бермейтін күш төтенше мән-жай мен тойтарылмай мән-жай белгілерімен ғана сипатталатын жағдай емес, бұл өзінің заңнамада белгіленген анықтамасынан да қосымша белгілерді көздейді, сондай-ақ бұл құбылысқа біздің заңнамамен тиісінше көңіл бөлінбегені бұл дұрыс терминологияны қолданбауынан да көріп тұрмыз. Заңшығарушы бұл құбылысты бірде «еңсерілмейтін күш» деп айтып, бірде «дүлей күш» деп атап өтеді. Бой бермейтін күшке өзінің құбылысынан белгісіздік тән, оған қоса заңшығарушы тағы да құқықтық белгісіздікті туындатып отыр. Осының әсерінен соттарда кінәлі борышкерлерді жауапкершіліктен босату жағдайлары орын алып жатыр.

Осы мәселелерді талдау нәтижесінде осы зерттеудің тақырыбын құрайтын мәселелерді заңнамалық реттеуді жетілдіру және дамыту бойынша кешенді ұсыныстар жасалды.

Біріншіден, біздің доктринада және нормативтік құқықтық актілерде бой бермейтін күштің белгісі болып табылатын төтенше мән-жай белгісі жалпылама анықталған, алайда бұл арнайы осы бой бермейтін күш құбылысын ашу бойынша анықталуы жөн. Сол секілді тәжірибелік қолданысы да мұндай анықтықты талап етіп отыр. Себебі зерттеуде талданған сот тәжірибесіне сүйенетін болсақ, бой бермейтін күшті анықтауда соттар төтенше мән-жай белгісін анықтағанда, оның жалпылама ұғымына сәйкес еместігі көрінеді. Осы себепті біз төтенше мән-жай белгісіне келесідей анықтаманы ұсынамыз:

**«Төтенше мән-жай – бұл тұлғаның іс-әрекеттеріне тікелей әсер ететін, кенеттен, қоғамға таныс айрықша құбылыстарға тең келетін немесе олардың шегінен шығатын ерекше жағдайды білдіретін белгі».**

Екіншіден, біз бой бермейтін күштің заңнамадағы қайталанып келетін оның белгілерін анықтайтын баптарды қысқартуымыз қажет, бой бермейтін күшке арналған арнайы бап бар, бұл ҚР АҚ-нің 359-бабы, алайда біздің заңнаманың 182-бабында бой бермейтін күштің негізгі белгілері аталып өтеді (оның өзінде тойтарылмайтын мән-жай белгісі болмай қоймайтын оқиға ретінде сипатталған), алайда біз зерттеу негізінде айқындағандай 359-бап бой бермейтін күш жанама белгілерін де айқындайды, осының

негізінде біз 182-бапты қазіргі редакциясында қалдыратын болсақ, ол 359-бапта келтірілген анықтама қайшы келетін болады. Осылайша ҚР АҚ-нің 182-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына келесідей өзгерістер енгізу ұсынылады:

**«1) егер талап қоюға бой бермейтін күш кедергі жасаса;»**

Үшіншіден, біз анықтағандай бой бермейтін күш жағдайларына олардың маңызды сипаттамаларына байланысты толықтай біржақты пайымдаулар жасау мүмкін емес. Бой бермейтін күш жалпы өзінде белгілі бір құқықтық белгісіздікті сипаттайтын құбылыс, және бұл оның ерекшелігі. Оны зерттеу және анықтау соттарға әр кезде оңай бола бермейді, ал біздің заңнама осы терминді құқықтық нормаларда әр түрлі терминдермен белгілеп, құқыққолданушыларға одан да артық белгісіздікті қолдан жасап отыр. Құқықтық сенімділік бұл жалпы құқықтық қағидат болып табылады және бұл қағидат әр заңның немесе нормативтік құқықтық акттың қажет болған жағдайда заңгер маманның көмегінсіз кез келген азаматқа түсінікті болуын білдіреді. Алайда қазіргі бой бермейтін күшке байланысты қолданылатын нормалар бұны қамтамасыз етпейді. Осының негізінде ҚР АҚ-нің 429-бабының 2-тармағына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

**«2. Егер тауардағы кемшіліктердің олар сатып алушыға берілгеннен кейін сатып алушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың әрекеттері немесе бой бермейтін күштің салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, сатушы сапа кепілдігін берген тауарға қатысты тауардың кемшіліктері үшін жауап береді.»**

ҚР АҚ-нің 652-бабының 1-тармағына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

**«1. Құрылыс объектісі жұмысты өткізудің шартта белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін бой бермейтін күштің салдарынан қираған немесе бүлінген кезде тапсырысшы, егер шартта өзгеше көзделмесе, орындалған және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының құнын төлеуге міндетті.»**

ҚР АҚ-нің 702-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

**«1) бой бермейтін күштің;»**

ҚР АҚ-нің 704-бабының 1-тармағына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

**«1. Жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, егер кідірту немесе кешігу бой бермейтін күштің салдарынан орын алғанын дәлелдемесе,**

жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.»

ҚР АҚ-нің 779-бабының 1-тармағына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

«1. Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі бой бермейтін күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады.»

ҚР АҚ-нің 789-бабының 1-тармағына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

«1. Қонақүй сақтаушы ретінде, онда тұратын адамның қонақүйге енгізген ақшасын, өзге де валюталық құндылықтары мен бағалы қағаздарын қоспағанда, жоғалу мен бүліну бой бермейтін күштің, заттың өз ерекшеліктері салдарынан не тұратын адамның өзінің, оның қасында жүргендердің немесе оған келушілердің кінәсінен болған жағдайлардан басқа кезде, бұл туралы ерекше келісім жасамай-ақ, заттың жоғалғаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.»

ҚР АҚ-нің 931-бабының 1-тармағына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

«1. Қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян бой бермейтін күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.»

ҚР АҚ-нің 950-бабына келе өзгерістер енгізу ұсынылады:

«Тауар сатушы немесе дайындаушы, жұмысты немесе қызмет көрсетуді орындаушы, егер зиян бой бермейтін күштің немесе тұтынушының тауарды (жұмыстың, қызмет көрсетудің нәтижелерін) пайдалану немесе оларды сақтау ережелерін бұзуы салдарынан пайда болғанын дәлелдеген жағдайларда ғана жауапкершіліктен босатылады.»

Төртіншіден, біз сот тәжірибесін жалпылау негізінде «Бой бермейтін күш ұғымын қолдану жөніндегі сот тәжірибесіне жүргізілген шолу» ұсынамыз. Сот тәжірибесін жалпылау – құқықтың бірдей мәселелері бойынша әртүрлі сот актілерін қабылдау жағдайларын, заңдардың нормаларын әртүрлі түсіндіру, материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын қолданудағы қателіктер, сондай-ақ олардың пайда болу себептері мен жағдайларын анықтаудың тиімді әдістерінің бірі. Сот тәжірибесі іс жүзінде қолданыстағы заңнамасындағы олқылықтарды толтыра отырып, құқықтың көмекші көзі болып табылады және соттардың

құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануының бірыңғай тәсілдерін анықтайды. Сондықтан да қазақстандық құқықтың дамуына бізге осындай жалпылау анықтамасы қажет, бұның тәжірибелік маңыздылығы жоғары, себебі бұны тек соттардың ғана емес, сондай-ақ заңгерлер, кәсіпкерлер және зерттеушілер қолдана алады. «Бой бермейтін күш ұғымын қолдану жөніндегі сот тәжірибесіне жүргізілген шолу» диссертацияның 2-қосымшасында берілген.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

### А) Ғылыми еңбектер:

- Басин Ю.Г. Ответственность за нарушение гражданско-правового обязательства // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1012152#pos=306;-35](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1012152#pos=306;-35) (Өтінім берілген күн: 10.11.2021 ж.)
- Бутенко Е.В. Вина в нарушении договорных обязательств. Дисс. . канд. юрид. наук: 12.00.03. – Краснодар. – 2003. 201 б.
- Головин Н. М. Феномен непреодолимой силы: цивилистическое исследование: диссертация ... кандидата юридических наук: 12.00.03. - Пермь, 2013. 258 б.
- Диденко А. Г. (ред.) Гражданское право. Общая часть. Курс лекции. «Нур-пресс» - Алматы, 2006. 722 б.
- Диденко А. Г. Вызовы времени: условия гражданско-правовой ответственности. Гражданское законодательство Статьи. Комментарии. Практика Выпуск 50.) // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37632245#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37632245#pos=6;-108) (Өтінім берілген күн: 25.05.2021 ж.)
- Колоткина О. А., Ягофарова И.Д., Морозова А.С. Теория государства и права. Учебник. Проспект, 2020. 536 б.
- Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.) // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750) (Өтінім берілген күн: 10.11.2021 ж.)
- Лапач В. Обстоятельства вне контроля сторон и их влияние на развитие обязательства // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Избранное Том V (Выпуски 36-45) 2010-2017 гг. (Под редакцией доктора юридических наук, профессора А.Г. Диденко) // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32118836&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32118836&pos=6;-106#pos=6;-106) (Өтінім берілген күн: 20.05.2021 ж.)
- Павлодский Е.А. Избранное / Составители: канд. юрид. наук Ю.Н. Кашеварова, канд. юрид. наук М.Л. Шелютто — М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации, 2010. 162 б.
- Скробнева Н. А. Юридическая ответственность в публичном и частном праве (вопросы теории и практики). Дис. ... канд. юрид. наук. – М. – 2018. 189 б.
- Сапарғалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий – А., Институт законодательства РК, 2008. 552 б.

## Б) Мақалалар:

– Велиева Б. Т. Основания освобождения предпринимателей от гражданско-правовой ответственности // Закон и Право. – 2019. №8. 62-63 б. // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovaniya-osvobozhdeniya-predprinimateley-ot-grazhdansko-pravovoy-otvetstvennosti> (Өтінім берілген күн: 02.07.2021ж.)

– Головин Н. М. Разграничение категорий «случай» и «непреодолимая сила» // Политика, государство и право. 2013. № 2. // URL: <https://politika.snauka.ru/2013/02/653> (Өтінім берілген күн: 17.06.2021ж.).

– Дебевоиз энд Плимpton ЛПП. COVID-19 – последствия для договоров, подчиненных английскому праву. Мақала жазылған күн: 18.03.2020. // URL: <https://www.debevoise.com/insights/publications/%202020/03/covid19-and-its-impact-on-english-law-contracts?translationGuid=a6666dee-a6b8-4bfa-8b23-beae0822bc86> (Өтінім берілген күн: 08.07.2021ж.)

– Есенжулова К. Обстоятельства форс-мажора и их последствия. Мақала жазылған күн: 05.05.2020 // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34640609&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34640609&pos=6;-106#pos=6;-106) (Өтінім берілген күн: 27.06.2021ж.)

– Лобков А. Предпринимательский риск, форс-мажор и договорные обязательства. Мақала жазылған күн: 10.10.2006 // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30072276&pos=4;-106#pos=4;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30072276&pos=4;-106#pos=4;-106) (Өтінім берілген күн: 20.06.2021ж.)

– Мукашева К.В. Некоторые вопросы безвиновной ответственности в гражданском праве. Непреодолимая сила. Мақала жазылған күн: 16.12.2020. // Дереккөз: АҚЖ «Параграф» URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35076985&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35076985&pos=6;-106#pos=6;-106) (Өтінім берілген күн: 11.06.2021ж.)

– Иванова С. Н. Классификации обстоятельств непреодолимой силы в современном гражданском праве // Бизнес в законе. - 2008. - № 2. 197-198 б. // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/klassifikatsii-obstoyatelstv-nepreodolimoy-sily-v-sovremennom-grazhdanskom-prave> (Өтінім берілген күн: 31.05.2021ж.)

– Иванова С. Н. Относительный характер непреодолимой силы // Бизнес в законе. - 2008. - № 3. 122-124 б. // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка» // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otnositelnyy-harakter-nepreodolimoy-sily> (Өтінім берілген күн: 31.05.2021ж.)

– Кархалев Д. Н. Основания освобождения от договорной ответственности в гражданском праве // Актуальные проблемы российского права. – 2018. – №5. 105-110 б. // Дереккөз: ФЭК



«КиберЛенинка » // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovaniya-osvobozhdeniya-ot-dogovornoj-otvetstvennosti-v-grazhdanskom-prave> (Өтінім берілген күн: 24.07.2021ж.)

– Осташенко А. С. Обстоятельства непреодолимой силы // Вестник науки и образования. – 2018. – № 8(44). Том 1. 60-63 б. // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка » // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obstoyatelstva-nepreodolimoj-sily> (Өтінім берілген күн: 05.06.2021ж.)

– Петрова Д. С. Английская доктрина «frustration of contract»: история и современность. // Ленинградский юридический журнал. 2016. № 4 (46). 146-157 б. // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка » // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/angliyskaya-doktrina-frustration-of-contract-istoriya-i-sovremennost> (Өтінім берілген күн: 20.06.2021ж.)

– Сулейменов М. К. Английское право и правовая система Казахстана // Право и государство. – 2016. – № 3(72). 37-45 б. // URL: <https://km.kazguu.kz/article/316> (Өтінім берілген күн: 20.06.2021ж.)

– Суржигов В. Е. Основания освобождения владельца источника повышенной опасности от гражданской ответственности // Право и социальные отношения. – 2010. 189-193 б. // Дереккөз: ФЭК «КиберЛенинка » // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovaniya-osvobozhdeniya-vladeltsa-istochnika-povyshennoj-opasnosti-ot-grazhdanskoy-otvetstvennosti> (Өтінім берілген күн: 17.09.2021ж.)

## **В) Нормативтік құқықтық актілер:**

– Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі // Дереккөз: АҚЖ «Әділет» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (Өтінім берілген күн: 20.05.2021ж.)

– Азаматтық кодекс Бірінші бөлім РФ 1994 жылғы 30 қарашасындағы № 51-ФЗ Кодексі // Дереккөз: АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30396612](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30396612) (Өтінім берілген күн: 20.05.2021ж.)

– Азаматтық кодекс Беларусь Республикасы 1998 жылғы 7 желтоқсанындағы № 218-3 Кодексі // АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30415161](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30415161) (Өтінім берілген күн: 02.07.2021ж.)

– Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты Пленумының 2016 жылғы 24 наурыздағы №7 «Соттардың Ресей Федерациясының ҚР АҚ-нің міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы кейбір ережелерін қолдануы туралы» қаулысында // Дереккөз: АҚЖ «КонсультантПлюс» //

URL: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_195783/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_195783/) (Өтінім берілген күн: 04.07.2021ж.)

– Ресей Федерациясының Жоғарғы соты Ресей Федерациясының аумағында №1 Жаңа коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына қарсы заңнаманы және шараларды қолдануға байланысты сот практикасының жекелеген мәселелеріне шолу // Дереккөз: АҚЖ «КонсультантПлюс» // URL: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_377296/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_377296/) (Өтінім берілген күн: 04.07.2021ж.)

– Украина Азаматтық кодексі 2003 жылғы 16 қаңтарындағы №435-IV // АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30418568](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418568) (Өтінім берілген күн: 31.05.2022 ж.)

– Украина Шаруашылық кодексі 2003 жылғы 16 қаңтарындағы №436-IV // АЖ «Параграф» // URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30418746](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418746) (Өтінім берілген күн: 31.05.2022 ж.)

### **Г) Сот шешімдері:**

– Алматы қаласының МАЭС-ның 2017 жылдың 5 мамырындағы №7527-17-00-2/3407 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/9ff173a3-2f03-41d3-a43b-757459c812f8> (Өтінім берілген күн: 06.05.2021ж.)

– Алматы қаласының МАЭС-ның 2018 жылғы 12 қарашасындағы №7527-18-00-2/17786 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/75d2c53e-e7d5-4899-a8ec-a954191b250d> (Өтінім берілген күн: 07.05.2021ж.)

– Алматы қаласының МАЭС-ның 2018 жылғы 10 қыркүйегіндегі №7527-18-00-2/8091 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/c389bdcf-53ce-451b-9355-858cd3e4d911> (Өтінім берілген күн: 30.09.2021ж.)

– Алматы қаласының МАЭС-ның 2020 жылғы 19 маусымындағы №7527-20-00-2/3062 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/8aa0953d-c14e-4654-806b-1ea2cb50a7e4> (Өтінім берілген күн: 10.10.2021ж.)

– Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 21 шілдедегі №999-21-00-2a/2691 қаулысы // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/8f1d35f8-8d4e-4f13-a2c9-2047dda7d16> (Өтінім берілген күн: 30.09.2021ж.)

– Ақтөбе қалалық сотының 2021 жылғы 28 шілдесіндегі №1510-21-00-2/1653 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/e6df227c-3019-4d3a-bc68-f2c4872148c9> (Өтінім берілген күн: 30.09.2021ж.)

– Бесінші төрелік апелляциялық соттың 2020 жылғы 22 маусымдағы №А51-439/2020 іс бойынша №05АП-2939/20 қаулысы // Дереккөз: АҚЖ «Гарант.ру» // URL: <https://base.garant.ru/63865874/> (Өтінім берілген күн: 10.07.2021ж.)

– Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2020 жылғы 10 маусымындағы №4712-20-00-2/1008 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/64fe6b72-e583-426c-9904-5fea8c600e32> (Өтінім берілген күн: 20.09.2021ж.)

– Маңғыстау облыстының МАЭС-ның 2020 жылдың 15 сәуіріндегі №4712-20-00-2/713 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/6ca81b5b-06e0-420c-ae74-bbfc551f76d9> (Өтінім берілген күн: 22.09.2021ж.)

– Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2020 жылғы 15 маусымындағы №4712-20-00-2/971 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/9944bf53-8cc7-4394-8c9f-f60259a06639> (Өтінім берілген күн: 26.10.2021ж.)

– Нур-Султан қаласының МАЭС-ның 2020 жылғы 4 наурызындағы №7119-19-00-2/16496 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/f0708148-f975-47c4-ab60-feb5ab71040f> (Өтінім берілген күн: 10.10.2021ж.)

– ОҚО сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында 2017 жылғы 22 маусымындағы № 2а/1608-2017 қаулысы // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/b177d465-969d-4017-a924-4d9089b0dfea> (Өтінім берілген күн: 16.10.2021ж.)

– Павлодар облысы Ақсу қалалық сотының 2021 жылғы 2 наурызындағы №5516-20-00-2/1522 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/d02f7f0b-cac0-4838-95e7-8eb1156bbc0> (Өтінім берілген күн: 10.10.2021ж.)

– Павлодар облысының МАЭС-ның 2019 жылғы 3 сәуіріндегі №5501-19-00-2/394 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/ca95db49-7928-47ba-b69c-a0dc6fbfacea> (Өтінім берілген күн: 06.05.2021ж.)

– Шығыс-Қазақстан облысының МАЭС-ның 2016 жылғы 15 желтоқсанындағы №2-6309-16-00-2/4083 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/7611b77e-24ed-47a4-8cab-ac370c1eca07> (Өтінім берілген күн: 9.10.2021ж.)

– Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық сотының 2020 жылғы 1 сәуір №6328-19-00-2/824 шешімі // Дереккөз: АЖ «BestProfi» // URL: <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/f820af99-5cbc-46a6-8cc1-85c5f8fa3b66> (Өтінім берілген күн: 06.05.2021ж.)

## ҚОСЫМША

### Қосымша-1

р/н №	Нормативтік құқықтық акт	Ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар	Қолданыстағы редакция	Ұсыныс негізі
1	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 182-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына	1) егер талап қоюға бой бермейтін күш кедергі жасаса;	1) егер талап қоюға төтенше және бұл жағдайда болмай қоймайтын оқиға (бой бермейтін күш) кедергі жасаса;	Бой бермейтін күштің белгілері ҚР АҚ-нің 359-бабымен айқындалған, сондықтан да оларды қайталама 182-бапта көрсету қажет емес.  Сондай-ақ 182-бапта бой бермейтін күш белгілері дұрыс айқындалмаған.
2	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 429-бабының 2-тармағына	2. Егер тауардағы кемшіліктердің олар сатып алушыға берілгеннен кейін сатып алушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың әрекеттері немесе <b>дүлей күштің тің</b>	2. Егер тауардағы кемшіліктердің олар сатып алушыға берілгеннен кейін сатып алушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың әрекеттері немесе <b>бой бермейтін күш</b>	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.

		салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, сатушы сапа кепілдігін берген тауарға қатысты тауардың кемшіліктері үшін жауап береді.	салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, сатушы сапа кепілдігін берген тауарға қатысты тауардың кемшіліктері үшін жауап береді	
3	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 652-бабының 1-тармағына	1. Құрылыс объектісі жұмысты өткізудің шартта белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін <b>дүлей күштің</b> салдарынан қираған немесе бүлінген кезде тапсырысшы, егер шартта өзгеше көзделмесе, орындалған және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының құнын төлеуге міндетті.	1. Құрылыс объектісі жұмысты өткізудің шартта белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін <b>бой бермейтін күштің</b> салдарынан қираған немесе бүлінген кезде тапсырысшы, егер шартта өзгеше көзделмесе, орындалған және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының құнын төлеуге міндетті.	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.
4	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 702-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына	1) дүлей күштің;	1) бой бермейтін күштің;	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.

5	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 704-бабының 1-тармағына	1. Жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, егер кідірту немесе кешігу <b>дүлей күштің</b> салдарынан орын алғанын дәлелдемесе, жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.	1. Жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, егер кідірту немесе кешігу <b>бой бермейтін күштің</b> салдарынан орын алғанын дәлелдемесе, жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.
6	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 779-бабының 1-тармағына	1. Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі дүлей күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана	1. Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі бой бермейтін күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.

		пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады.	пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады.	
7	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 789-бабының 1-тармағына	1. Қонақүй сақтаушы ретінде, онда тұратын адамның қонақүйге енгізген ақшасын, өзге де валюталық құндылықтары мен бағалы қағаздарын қоспағанда, жоғалу мен бүліну <b>дүлей күштің</b> , заттың өз ерекшеліктері салдарынан не тұратын адамның өзінің, оның қасында жүргендердің немесе оған келушілердің кінәсінен болған жағдайлардан басқа кезде, бұл туралы ерекше келісім жасамай-ақ, заттың жоғалғаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.	1. Қонақүй сақтаушы ретінде, онда тұратын адамның қонақүйге енгізген ақшасын, өзге де валюталық құндылықтары мен бағалы қағаздарын қоспағанда, жоғалу мен бүліну <b>бой бермейтін күштің</b> , заттың өз ерекшеліктері салдарынан не тұратын адамның өзінің, оның қасында жүргендердің немесе оған келушілердің кінәсінен болған жағдайлардан басқа кезде, бұл туралы ерекше келісім жасамай-ақ, заттың жоғалғаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.
8	Азаматтық кодекс ҚР	1.Қызметі айналасындағылар	1. Қызметі	Құқықтық

	1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 931-бабының 1-тармағына	үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян <b>дүлей күштердің</b> немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.	айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян <b>бой бермейтін күштердің</b> немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.	сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.
9	Азаматтық кодекс ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексінің 950-бабына	Тауар сатушы немесе дайындаушы, жұмысты немесе қызмет көрсетуді орындаушы, егер зиян <b>дүлей күштің</b> немесе тұтынушының тауарды (жұмыстың, қызмет көрсетудің нәтижелерін) пайдалану немесе оларды сақтау ережелерін бұзуы	Тауар сатушы немесе дайындаушы, жұмысты немесе қызмет көрсетуді орындаушы, егер зиян <b>бой бермейтін күштің</b> немесе тұтынушының тауарды (жұмыстың, қызмет көрсетудің нәтижелерін) пайдалану немесе оларды сақтау ережелерін бұзуы	Құқықтық сенімсіздіктің алдын алуға және бірдей терминологияны қолдану мақсатында өзгерістер енгізген жөн.



		салдарынан пайда болғанын дәлелдеген жағдайларда ғана жауапкершіліктен босатылады.	салдарынан пайда болғанын дәлелдеген жағдайларда ғана жауапкершіліктен босатылады.	
--	--	--	--	--

**«Бой бермейтін күш ұғымын қолдану жөніндегі сот тәжірибесіне жүргізілген шолу»**

**1. Егер орын алған жағдай бой бермейтін күштің төтенше мән-жай және тойтарылмайтын мән-жай белгілерін қамтыса ғана сот орын алған жағдайды бой бермейтін күш ретінде таниды және борышкерді жауапкершіліктен босатады.**

Талапкер материалдық залалды өтеу туралы сотқа талап-арыз берді.

Талапкердің уәждеуі бойынша 2015 жылы 14 маусымда ол өзіне тиесілі «Toyota Nadia» маркалы көлік құралы ТММ «Океан» базарының төбесінен металл профильдің құлауы салдарынан бүлінген. Әуезов ПБ УПИ 2015 жылғы 19 маусымдағы қаулысымен Талапкер жәбірленуші болып танылды. Маманның 2015 жылғы 14 шілдедегі есебіне сәйкес автокөлікті қалпына келтіру жөндеу құны 254 005 теңгені құрайды. Зақымдалған кезде көлік ТММ «Океан» нарығының жер учаскесінде болды, ал автокөлікке жақын жерде шатыр элементтері (металл профиль, ағаш жақтаудың қалдықтары) болды, бұл фотосуреттер мен бейнежазбалармен расталады. Сол күні Семей қаласында желдің екпіні 35 м / сек дейін болған, алайда, оған қарамастан, шатыр күрделі инженерлік-құрылыс объектісі ретінде белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес келуі тиіс. Ол ғимараттың шатыры Мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келмеді деп санайды, бұл автокөліктің зақымдалуына себеп болды, бұл болжамдар фотосуреттер мен бейне файлдардың негізінде жасалады

Жауапкер өз кезегінде оған қойылған талаптарды заңдысыз деп санайды. 2015 жылдың 14 маусымында Семей қаласында желдің екпіні секундына 35 метрге дейін жетті. Нәтижесінде 60-тан астам үйдің шатыры бұзылып, жүздеген ағаштар, электр беру бағаналары құлап, қаланың 50 мыңнан астам тұрғыны жарықсыз қалды. Қала әкімінің 2015 жылғы 15 маусымдағы өкімімен Семей қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Жаппай сипатқа ие болған қатты желдің салдарынан Семей қаласында зақымданулардың болуы бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда жарияланған және теледидарда жарияланған жалпыға белгілі мәліметтермен расталады. Талапкер «Океан» базарының шатыры дұрыс орнатылмағандығы туралы Талапкер сотқа жеткілікті дәлелдемелер ұсынбаған, құрылыс саласындағы маманның қорытындысынсыз, шатыр техникалық жарамсыз күйде болды деп есептеу негізсіз болып табылады. Бой бермейтін күштің, яғни төтенше

және бұлтартпас жағдайлардың (дүлей құбылыстар) және кінәнің болмауының салдарынан Талапкердің талап арызын қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды.

Сот Талапкердің талап-арызын қанағаттандырудан бас тартты. Сот отырысында метеорологиялық қауіпті құбылыс-екпіні секундына 35 метр дауыл желге байланысты Семей қаласында төтенше жағдай жариялау дерегі расталды және тараптармен дауланбады, бұл бүкіл Семей қаласы бойынша көптеген шығындарға алып келді. Сондай-ақ сот Жауапкерге тиесілі «Океан» базары ғимаратының төбесінен металл бейінінің бұзылу дерегін және талапкерге материалдық залал келтірілгенін анықтады, бұл іс материалдарындағы 2015 жылғы 17 шілдедегі есеппен және куәгерлер айғақтарымен расталады. Алайда, Талапкерге тиесілі автокөлік құралының осы зақымдануы бақыланбайтын табиғи құбылыстың салдарынан болды. Осылайша ҚР АҚ-нің 359-бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүлктік жауаптылықты көтереді, және 917-бабына сәйкес, зиян келтіруші, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, егер зиян өзінің кінәсінен келтірілмегендігін дәлелдесе, оны өтеуден босатылады.

Апелляциялық сот алқасының қаулысымен де Талапкердің шағымы қанағаттандырылусыз қалды. Алқа соттың зиян Жауапкердің кінәсінен емес, төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлар кезінде, яғни бой бермейтін күштің салдарынан келтірілгені туралы тұжырымымен келіседі, демек, Жауапкерді залалды өтеуден босату және Талапкердің талаптарын қанағаттандырудан бас тартуы заңды. Оған қоса Азаматтық қорғау туралы заңының ережесіне сәйкес қатты жел - бұл екпіні секундына 25 метр болатын желдің жылдамдығы болғандықтан, екпіні секундына 35 метр болатын дауыл жел тіпті мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келетін кез келген шатырды ұшырып тастауы мүмкін, өйткені мұндай жел ағаштарды тамырымен жұлып тастайды, апатты қирауға және басқа да көптеген қоршаған ортаға зиян келтіреді. Сонымен қатар, Талапкер шатырдың табиғи құбылысқа байланысты емес, шатырдың техникалық ақаулығы салдарынан зақымдалғаны туралы дәлелдер келтірмеген. Осыған байланысты сот талапкердің фотосуреттері, бейнежазбалары және жасалған есептеулері шатырдың техникалық жарамсыз деп санауға негіз бола алмайды, өйткені іс материалдары «Океан» базары ғимаратының шатыры нашар бекітілгенін растамайды деген қорытындыға келеді.

Кассациялық сот алқасының қаулысы бойынша Талапкердің шағымын қанағаттандыру үшін негіздер жоқ деп анықтады. Бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырудан бас тартып, заң нормаларын басшылыққа ала отырып, негізделген қорытындыға келді. Талапкерге тиесілі автокөлік құралының зақымдануы бақыланбайтын табиғи құбылыстың салдарынан болды. Зиян ғимарат иесі мен жалға алушының кінәсінен емес, бой бермейтін күштің салдарынан келтірілген. Төтенше және алдын алуға болмайтын табиғи жағдайларда, бұл олардың еркіне байланысты емес. Табиғи апат дерегі іс материалдарымен сөзсіз анықталды, бүкіл қала бойынша шатырдың бұзылуы, ағаштардың құлауы орын алды. Демек, сот Жауапкерді талап қоюдан бас тарту, талапкерге зиян келтірудің жоқтығы мен кінәсін анықтау арқылы зиянды өтеуден заңды түрде босатты. Көрсетілген сот қорытындыларымен апелляциялық саты заңды түрде келісті. Көрсетілген мән-жайлар кезінде жергілікті соттар материалдық не процесстік құқық нормаларының бұзылуына жол берген жоқ.

**2. Егер шарттық міндеттемелер орындау мерзімі ішінде бой бермейтін күш жағдайлары орын алса, онда талап қою мерзімін есептеу тоқтатыла тұрады.**

Талапкер Жауапкерден 1 793 145 тенге сомма мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап арыз береді.

Талапкерді айтуы бойынша талаптың негізі Жауапкердің импорттаушылардың ұлғайтылған міндеттемелеріне қолданылатын тауарлар (өнімдер) тізбегіне енгізілген тауарларды (өнімдерді) импорттаушы болып табылатынына байланысты, ол 2016 жылы залалсыздандыру, қайта өңдеу, қалдықтарды жинау, тасымалдау, пайдалану және кәдеге жарату бойынша тарифтерге сәйкес төлем 1 793 145 теңгені құрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арыздарын мойындамады, сотқа өнімді әкелу және кедендік рәсімге орналастыру туралы декларация 2016 жылдың сәуір-мамыр айларында жасалғанын, осыған байланысты талапкердің талап қою мерзімін өткізіп алғанын түсіндірді. Талап қою мерзімін қолдануды және талап қараусыз қалдыруды сұрайды

Бірінші сатыдағы сот шешімі бойынша сот Талапкердің талап-арызын қанағаттандырды және талап қою мерзімін қолдану бойынша бас тартады, себебі ҚР АҚ-нің 182-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, талап қою мерзімінің өтуі, егер талап қоюға төтенше және бұл жағдайда болмай қоймайтын оқиға (бой бермейтін күш) кедергі жасаса тоқтатыла тұрады. Талап қою мерзімі 2020 жылдың 5 сәуірінде аяқталу керек еді,

алайда ҚР Президентінің 2020 жылдың 14 және 26 сәуіріндегі Жарғыларына сәйкес еліміздің барлық аймағында төтенше жағдай орын алған алды және ҚР Жоғарғы сотының №1 Түсіндірмесіне сәйкес төтенше жағдайды енгізу талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұрады.

Апелляциялық сатыдағы сот қаулысы бойынша сот шешімі өзгеріссіз қалдырды. Сот алқасының айтуы бойынша бірінше сатыдағы сот міндеттемені орындау кезеңі ішінде туындаған төтенше жағдайларға (бой бермейтін күшке) заңды түрде сілтеме жасады, ҚР АҚ-нің 182-бабы 1-бөлігінің ережелеріне сәйкес бой бермейтін күш көрсетілген мерзімнің өтуін тоқтата тұрады. Осылайша сот талап қою мерзімінің өтуі үзілді деп дұрыс тұжырымға келді деп тұжырымдайды.

### **3. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда, егер борышкер мұндай бұзушылық бой бермейтін күш әсерінен болғанын дәлелдей алса жауапкершіліктен босатылады.**

Талапкер сотқа Жауапкерден берешекті және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап-арыз береді.

Талапкердің уәждеуі бойынша Жауапкер 2016 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде 120 тонна көлемінде тауар жеткізу қажеттілігі туралы өтінім жіберді. Бұл бойынша Жауапкермен 2016 жылдың 30 маусымында өтінімнің 80% бойынша төлем жүргізді. Талапкер 2016 жылдың 28 қыркүйегінде және 2016 жылдың 26 желтоқсанында тауарды толық көлемде жеткізді. Тауарлардың екінші партиясын жеткізуді кешіктірудің себебі бой бермейтін күш жағдайлары болды. Осыған қарамастан, тауарлардың барлық партиясы жеткізілгеннен кейін жауапкер қалған қаражаттың төлемін жүргізбеді.

Жауапкер өз тарапынан Талапкер оның атына туындаған бой бермейтін күш мән-жайлары туралы жазбаша хабарлама келіп түспегенін және құзыретті орган берген, осы мән-жайды растайтын куәландырушы құжат ұсынылмағанын түсіндірді. Жауапкер тараптардың арасында жасалған шарттың 7.4-тармағына сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын ұстап қалуды ескере отырып, жеткізілген тауар үшін төлемді талапкерге аударғанын айтты.

Бірінші сатыдағы сот шешімі бойынша Талапкердің талап-арызы қанағаттандырусыз қалдырылды. Соттың уәждеуі бойынша Талапкермен дер кезінде бой бермейтін күш жағдайлары орын алғаны туралы Жауапкерге хабарламаға жіберген, оған Талапкер міндеттемені орындау қиындығының себебі шарт жасалғаннан кейін туындаған бой бермейтін

күш жағдайлары болып табылатыны жеткізді, атап айтқанда, бірнеше күн қатарынан нөсер жаңбыр жауып, соның салдарынан Қарғалы-Бұлақ өзенінде су деңгейінің көтерілуі болды, бұл өндірістік базаның, ғимараттар мен құрылыстардың аумағын су басуына әкелді, сондай-ақ көпір мен теміржол төсемі ішінара қирады. Бұл ретте Талапкер төтенше жағдай оқиғалары жойылғаннан кейін шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан және тауарды жеткізуді орындаудан бас тартпайтынын көрсетеді. Алайда Талапкер ұсынған Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің 15.02.2017 ж. және 29.12.2018 ж. хаттары Талапкердің су басу және инфрақұрылымының зақымдану сипатын көрсетпейді. Осы хаттардан келіп шығатыны, су басудың себебі қоқыспен бітеліп қалу және құбырлы өткелдердегі судың үлкен көлемін өткізу мүмкіндігі болмауы, алайда бұдан төтенше жағдай жариялануы орын алған жоқ. Сондай-ақ талапкер шарттың 13.1-тармағына сәйкес қарастырылған бой бермейтін күш мән-жайларының бар екендігіне дәлел келтірмеген, Талапкер кәсіпорынның бір құбырлы өткелінің ішінара құлағанын көрсетеді, алайда екінші көпір барына қарамастан міндеттемені орындамады. ҚР АҚ-нің 701-бабының сәйкес тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда, тараптар осы Кодексте, көлік туралы заң актілерінде, өзге заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімінде белгіленгендей жауапты болады.

Апелляциялық сот алқаның қаулысы бойынша бірінші сатыдағы сот шешімі өзгеріссіз қалтырылды. Апелляциялық сот алқасының уәждеуі бойынша Жауапкердің жеткізілген тауар үшін Талапкерге тиесілі соманы төлей отырып, қалған соманы тұрақсыздық айыбын акцептісіз ұстап қалу бойынша іс-әрекетін бірінші сатыдағы сот шарттың 12.3-тармағы шеңберінде өтетіндіктен, дұрыс заңды деп таныды. Сондай-ақ Талапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туралы анық және даусыз дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ. Осылайша Талапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандыруға жатпайды.

Жоғарғы соттың кассациялық алқаның қаулысымен бірінші және екінші сатыдағы сот актілері күші жойылып, жаңадан қарауға жіберілуі туралы шешім шығарылды. Жоғарғы сот жергілікті соттар талап қоюдан бас тарта отырып, Талапкердің шартты орындаудың мүмкін еместігін дәлелдейтін дәлелдемелер ұсынбағанын, ал екінші көпір болған кезде Талапкердің тауарды мерзімінде жеткізуге мүмкіндігі болғанын атап көрсетті, сондай-ақ Талапкер сілтеме жасайтын жағдайлар төтенше жағдай емес тұжырымдарын сына қарады. Сот алқасы бұл тұжырымдар біржақты жасалған деп санайды, өйткені жергілікті соттар іс үшін маңызды бірқатар жағдайларды анықтаған жоқ. Атап айтқанда іс материалдарынан Талапкер

тауарды жеткізуді кешіктіру себептері туралы Жауапкерді уақтылы хабардар еткені дәлелденді. 2016 жылғы 17 маусымдағы теміржолды тексеру актісіне сәйкес су басудың салдарынан теміржол көлігінің жолдың жоғарғы құрылысы элементтерінің тұтастығы, рельстердің салбырауы және жер төсемінің күрт отыруы орын алды, теміржол үйіндісінің тығыздалуы шайылды, ағаш шпалдар жарамсыз болып қалды. Туындаған жағдайларға байланысты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жойылғанға дейін Талапкер аумағына вагондарды беруге-алып кетуге тыйым салынды. Қарасай ауданының «Төтенше жағдайлар бөлімі» РММ-нің 2017 жылғы 15 ақпандағы хатынан келіп шығатыны, өткен жауын-шашынға байланысты 2016 жылғы 17 маусымда өзен деңгейінің көтерілуі болды, бұл Талапкер аумағын су басуына және бір құбырлы өткелдің ішінара опырылуына әкелді. Сонымен бірге, осы хаттың мазмұнынан Талапкердің пайдалану мүмкіндігі болған тағы бір көпір бар екендігі туындамайды. Жергілікті соттар жоғарыда көрсетілген мән-жайларды тиісті түрде зерттеген жоқ, бой бермейтін күш мән-жайларының орын алғанын және олардың шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігіне әсер еткенін анықтаған жоқ, сондай-ақ бұған тиісті құқықтық баға берген жоқ. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, алқа апелляция сатысындағы сот қаулысы күші жойылуға жатады, және істі сотқа жанадан қарауға жүргізілуге жіберілсін деп пайымдайды.

Істі жаңа қарау бойынша апелляциялық сот алқасының қаулысы бойынша Талапкердің талап-арызы қанағаттандырылды. Апелляциялық саты жаңа қарау кезінде Талапкер шарт талаптарында белгіленген мерзімдерде бой бермейтін күш мән-жайларының болуына байланысты тауар жеткізудің мүмкін еместігі туралы Жауапкерге хабарлағаны, бұл тиісті дәлелдемелермен расталғаны анықталды. 2016 жылғы 17 маусымдағы темір жолды қарап тексеру актісіне сәйкес темір жол төсемін су басуына байланысты (жолдың жоғарғы құрылысы элементтерінің тұтастығы бұзылған, рельстердің салбырауы және жер төсемінің күрт отыруы орын алған, темір жол үйінділерінің тығыздалуы шайылған, ағаш шпалдар жарамсыз болып қалған) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет екеніне байланысты Талапкер аумағына вагондарды беруге-алып кетуге тыйым салынғаны анықталды. Сондай-ақ бой бермейтін күштің болу жағдайларын Қарасай ауданының «Төтенше жағдайлар бөлімі» РММ-нің 2017 жылғы 15 ақпандағы хатымен 2016 жылғы 17 маусымда өзен деңгейінің көтерілуі туралы деректерді растайды, бұл Талапкер аумағында бір құбырлы өткелдің ішінара құлауына әкеп соқты. Талап қоюшы сондай-ақ өзінің талап қою талаптарын негіздеу үшін 2019 жылғы 19 наурыздағы бой бермейтін күш мән-жайларының туындауы

туралы Қазақстанның сыртқы сауда палатасының куәлігін ұсынды, ол 2016 жылғы 1 қазан мен 25 желтоқсан аралығындағы кезеңде бой бермейтін күш мән-жайларының 86 күн қолданылу мерзімін көрсете отырып, бой бермейтін күш мән-жайлардың бар екенін бой бермейтін күш растады. ҚР ҚР АҚ-нің 359-бабының талаптарына сәйкес, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышкер кінәсі болған кезде міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышкер міндеттемені тиісінше орындау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады. Мұндай жағдайларда алқа бой бермейтін күш мән-жайларының болуына, Талапкердің уақтылы жеткізбеуде кінәсі болмауына, Талапкердің шарт талаптарын тиісінше орындағанына, жауапкердің сотқа кері қайтаратыны туралы дәлелдемелер ұсынылмауына байланысты Талапкердің шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігі жоқ болды деп есептейді.

**4. Егер тауарды сатушыға үшінші тұлғалар бой бермейтін күштің себебі бойынша мерзімде жеткізбеген жағдайда, тауарды жеткізу мерзімі өткізген сатушы сатып алушының алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті көтермейді.**

Талапкер Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындамағанына байланысты айыппұл санкцияларын өндіріп алу туралы сұрайды.

Талапкер айтуы бойынша тараптар арасында тиісті тауарларды сатып алу-сату туралы шарт жасалды. Шарт талаптары бойынша Жауапкер тауарды 2013 жылдың 1 сәуіріне дейін жеткізу керек болды. Алайда бұл міндеттемерін дер кезінде орындамады, осы себепті Жауапкерден айыппұл санкцияларын өндіріп алыну қажет.

Жауапкер өз кезегінде тауарлардың бір бөлігін жеткізудің кешіктірілуі бой бермейтін күш жағдайларының орын алуына байланысты болғанын түсіндірді, атап айтқанда, дауыл жел мен нөсер жаңбырдың салдарынан электр қосалқы станциясының істен шығуы, нәтижесінде жүк болған вагондар Мәскеу темір жолының Болат ат станциясында ұсталды. Сәйкесінше, Жауапкердің кінәсі жоқ. Жоғарыда айтылғандардың негізінде соттан талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды.

Бірінші сатыдағы сот Талапкердің талап-арызын қанағаттандырып, Жауапкерден айыппұл санкцияларын өндіріп алу туралы шешім қабылдайды. Сот Жауапкердің шарт жасасқан үшінші тұлғаның хатына сілтеме жасай отырып, тауарды кідіртуде оның кінәсінің болмауына қатысты жауапкердің дәлелдері Ресей Федерациясының Орлов облысы



Орлов ауданы Нарышкино кентіндегі дауыл жел мен нөсер жаңбыр түрінде Төтенше жағдайлар туралы сым жеткізуге 2013 жылдың 12-19 маусым аралығында жұмыс тоқтатылғанына негізделген ұстанымын дәрменсіз деп тапты. Себебі Жауапкер мен үшінші тұлға арасында 2013 жылдың наурызынан мамыр айлары арасында 64 тонна көлемінде тауар жеткізілді, демек Жауапкердің Талапкер алдында міндеттемені орындау бойынша мүмкіндігі болды. Жауапкердің тауарды жеткізу мерзімін 9 күнге кешіктірген кінәсі іс материалдарымен және Жауапкердің жазбаша қарсылығымен расталады.

Апелляциялық сот алқасының қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімі өзгертіліп, Жауапкерден айыппұл санкцияларын өндіру жөнінде Талапкердің талап-арызы қанағаттандырылусыз қалды. Себебі ҚР АҚ-нің 359-бабының 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды. Сонымен қатар тараптар арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес, бой бермейтін күш тараптың тарапынан бақылауға бағынбайтын, тараптың жаңсақтығына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді және уәкілетті орган берген құжат бой бермейтін күш мән-жайларының болуын тиісінше растау болады. Бой бермейтін күш жағдайлардың орын алуы туралы дәлелдерін негіздеу үшін Жауапкер 04.09.2013 ж. Ресей Федерациясының Сауда-Өнеркәсіп палатасының сертификатын ұсынды. 2013 жылдың 13-19 маусым аралығында Ресей Федерациясының Орел облысы аумағында қатты жауын-шашын және найзағай түріндегі төтенше ауа райы жағдайлары Сатушы үшін оның бақылауынан тыс кедергі болғаны анық. Бой бермейтін күш жағдайлардың төтенше сипаты әдеттегі емес және жай туындаған жағдайларға тән еместігімен сипатталады. Тойтарылмайтын сипат осы мән-жайларды, олардың пайда болу уақытын, ұзақтығы мен ерекшеліктерін алдын-ала болжау мүмкін еместігінен туындайды. Ұсынылған дәлелдемелерді ескере отырып және жоғарыда келтірілген материалдық құқық нормаларына байланысты алқа, жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін жауап бере алмайды, өйткені бой бермейтін күш мән-

жайлардың салдарынан тиісінше орындау мүмкін болмады деген қорытындыға келеді.

Жоғарғы соттың қассаиялық алқасы азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының қаулысын қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғаудан бас тартылсын деген шешімге келеді. Апелляциялық алқа тауарлардың бір бөлігі 9 күнге кешіктіріліп қойылғанын анықтады, аталған мән-жайды тараптар дауламайды. Апелляциялық алқа бірінші сатыдағы сот жауапкердің тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алу бой бермейтін күш жағдайлар салдарынан орын алғаны туралы дәлелдерін толық көлемде зерттемегенін негізді түрде көрсетті. Апелляциялық алқа Жауапкердің өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны, бой бермейтін күш жағдайлар салдарынан тауар жеткізілімінің кешіктірілгені туралы өз дәлелдерін негіздеп, тиісті дәлелдемелер – Ресей Федерациясының Сауда-Өнеркәсіп палатасының 2013 жылғы 4 қыркүйектегі сертификаты және Алматы қаласының Сауда-Өнеркәсіп палатасының 2013 жылғы 8 қарашадағы форс-мажор салдарынан бой бермейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының куәлігі бергені туралы дұрыс қорытынды жасады. Бой бермейтін күшке қатысты көрсетілген мәселе шарттың 15.5, 15.6-тармақтарында жазылған, онда бой бермейтін күш мән-жайының болуын тиісінше растау уәкілетті орган берген құжат болады деп көрсетілген. Бой бермейтін күш мән-жайлары туындаған кезде осы шартта айтылған тауарды жеткізу мерзімдері, егер олар Тараптардың шарт бойынша міндеттемелерді орындауына тікелей әсер етсе, осындай мән-жайлардың қолданылу кезеңіне ұзартылады. Осылайша талап арыздың дәлелдері төменгі сатыдағы соттардың зерттеу нысаны болды, онда оларға тиісті құқықтық баға берілді.

**5. Егер тұлға бой бермейтін күш жағдайы басталғанын біле тұра шарт жасаған болса, онда шарттық міндеттемелерді орындамау салдарын толық көлемде көтереді.**

Талапкер материалдық залалды өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінді.

Талапкердің уәждеуі бойынша 2013 жылдың 1 маусымында 100 000 теңге сомасында алдын ала төлем төлеп, Жауапкермен туристік қызмет көрсетуге шарт жасасты. Жауапкер аталған шартқа қол қойған жоқ. 2013 жылдың 2 маусымында Талапкер Түркияға сапардан бас тартты. 2013 жылдың 3 маусымында Жауапкерге 2013 жылдың 7 маусымынан бастап 2013 жылдың 17 маусымына дейін бой бермейтін күш жағдайларына байланысты сапардан бас тарту туралы өтінішпен жүгінді, 100 000 теңге

сомада ақшаны қайтаруды сұрады. Бас тартқаннан кейін Жауапкердің директорының атына өтініш жазды, бірақ ақша қайтарылмады, бұл сапардан бас тарту Талапкердің кінәсінен болған жоқ. Жауапкердің кінәсінен Талапкерге демалу, күшін қалпына келтіру құқығын іске асыру берілмеген, яғни Жауапкер оның мүлдік емес құқықтарын бұзған. Осылайша Талапкерге моральдық зиян келтірілді. Осының нәтижесінде талап арызды қанағаттандыруды сұрайды.

Жауапкердің өз тарапынан талап арыздарды мойындамай, Талапкермен келісім маусымда жасалғанын, яғни, мемлекеттік және халықаралық мерекелер, сондай-ақ мемлекеттік мерекелер болатын елдің ұлттық және діни мерекелері кезінде. Бұл ретте, көрсетілген шарттың 5.12-тармағына сәйкес тұтынушы маусымға келетін сапар күніне тапсырыс берілген турдан бас тартқан жағдайда, соңғысы Орындаушыға сапар үшін енгізілген сома мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте, шарт жасасу кезінде Талапкерге Астана – Анталья – Астана бағыты бойынша ұшу, сондай-ақ Justiniano Park Conti, Single Standart Room қонақ үйі броньдалған болатын. Брондау жоспарланған ұшудан алты күн бұрын болғанын ескере отырып, Жауапкер брондау кезінде туристің 80 пайызын төледі, бұл 696 АҚШ долларын құрайды, бұл 105 792 теңге. Талапкердің бас тартуы бой бермейтін күш - төтенше жағдайлардың туындауы, оның салдары шарт талаптарының орындалмауы болып табылады. Бой бермейтін күш нәтижесінде шарт талаптарының бірі еріксіз екінші Тарапқа шығын келтіруші болады. Талапкер Астана – Анталья – Астана бағыты бойынша ұшуды сатып алды, бұл ретте Анталья қаласы Ыстамбұл қаласынан 710 км қашықтықта орналасқан. Түрік Республикасындағы тәртіпсіздіктер туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында 2013 жылдың 28 мамырынан бастап пайда болды, бұл туралы шарт жасалғанға дейін екі күн бұрын Талапкер білді. Сондай-ақ бой бермейтін күш мән-жайларды айқындау кезінде осы мән-жайларды зиян келтірушіге ғана емес, Түркиядағы тәртіпсіздіктердің бүкіл кезеңі үшін 2013 жылдың 28 мамырынан бастап Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көрсетілген бағытта шығуға және (немесе) шектеуге қатысты қауіптерді және (немесе) тыйым салуларды орнатқан жоқ. Талапкер Түркия Республикасына жолдамаға 180 тапсырыс берушінің тек 3 тапсырыс беруші ұшпағанын атап өтті. Сондай-ақ Талапкер 2013 жылдың 3 маусымында тапсырыс берілген билеттен бас тартуды жібергенін, ал Жауапкер оның сапарын сол күні 2013 жылдың 3 маусымында төлегенін атап өтті, бұл төлем тапсырмасымен расталады. Осылайша, талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды.

Бірінші сатыдағы сот Талапкердің талап-арызын қанағаттандырудан бас тартады. Сот отырысында анықталғандай, Талапкер мен Жауапкер Талапкердің жоғары маусымда сапарға жіберілетінін ескере отырып, аталған шартты жасасты. Сонымен, шарттың 5.12-тармағына сәйкес, тұтынушы жоғары маусымға келетін сапар күніне тапсырыс берілген сапардан бас тартқан жағдайда, соңғысы Орындаушыға сапар үшін төленген сомма мөлшерінде айыппұл төлейді. ҚР АҚ 359-бабына сәйкес, егер заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышкер кінәсі болған кезде міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышкер міндеттемені тиісінше орындау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады. Сот отырысында бой бермейтін күш – бұл төтенше және бұлтартпас мән-жайлар, оның салдары шарт талаптарының орындалмауы болып табылатыны анықталды. Сот Талапкердің Түркия Республикасындағы қоғамдық тәртіпсіздіктер бой бермейтін күш мән-жайлар болып табылатындығы туралы дәлелдерін негізсіз деп санайды, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілген тәртіпсіздіктер туралы мәліметтер 2013 жылдың 28 мамырынан бастап белгілі болды, бұл интернет-ресурстан басып шығарумен расталады, бұл туралы Талап қоюшы білген және (немесе) шарт жасасу кезінде білуге тиіс еді. Осылайша, сот Талапкердің материалдық залалды өндіріп алу, моральдық зиянды өтеуді қанағаттандырудан бас тартады.

Апелляциялық сот алқасының қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімі өзгеріссіз қалды. ҚР АҚ 359-бабына сәйкес, Алқа бірінші саты сотының Түркия Республикасындағы қоғамдық тәртіпсіздіктер бой бермейтін күш мән-жайлар деп санай алмайтындығы туралы тұжырымдары дұрыс деп санайды, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілген тәртіпсіздіктер туралы мәліметтер 2013 жылдың 28 мамырынан бастап белгілі болды, бұл интернет-ресурстан басып шығарумен расталады, бұл туралы Талапкер білген және (немесе) қорытынды жасау кезінде білуге тиіс болғаны шарт. Осы пайымдаулар ҚР АҚ 359-бабына сәйкес тұжырымдалған. Мұндай жағдайда Алқа бірінші сатыдағы сот талап қоюшының талаптарын қанағаттандырудан заңды және негізді түрде бас тартты деп санайды.

Кассациялық сот алқасы іс бойынша қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғаудан бас тартты. Сот Талапкердің өзіне келтірілген материалдық залалды және моральдық зиянды өтеу туралы талабын қанағаттандырудан бас тарта отырып, Түркия Республикасындағы қоғамдық тәртіпсіздіктер бой бермейтін күш мән-жайлар ыбылып табылмайды деген тұжырымға негізді түрде келді, өйткені көрсетілген тәртіпсіздіктер туралы 2013 жылғы

28 мамырдан бастап бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланды, шарт жасасу кезінде көрсетілген мәліметтер болғаны Талапкерге белгілі, бұл интернет-ресурстан басып шығарумен расталады. Бұдан басқа, осы елге шығуға тыйым салынған жоқ, 2013 жылғы 07-17 маусым аралығында Түркия Республикасына жөнелтілетін 180 әуежолдаушыдан тек үш Тапсырыс беруші, оның ішінде Талапкер өз тапсырыстарынан бас тартты. Қазақстан Республикасындағы «Туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6-тармағына сәйкес туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға шартты орындаудан бас тарту туралы хабардар етілгенге дейін көрсетілген қызметтер үшін іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда турист саяхат басталғанға дейін шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Сот талапкердің сапардан бас тартқан сәтінде жауапкер Астана – Анталия – Астана бағыты бойынша ұшуды брондағанын және Талапкердің Justiniano Park Conti қонақ үйінде тұруы 100000 теңге сомасында төленгенін анықтады, бұл 2013 жылғы 03 маусымдағы №255 төлем тапсырмасымен расталды. Осындай жағдайларда Талапкердің талап-арызын қанағаттандырудан бас тарту туралы сот тұжырымдары даудың мән-жайлары мен заңнама талаптарына сәйкес дұрыс болып табылады.

**6. Сақтау шарты негізінде сақтау орынында орын алған техникалық ақаулықтар және үшінші тұлғалардың (теріс пиғылды) іс-әрекеттері бой бермейтін күш ретінде танылмайды және бұның салдарынан Сақтаушы тарапынан кеткен шарттық міндеттемені тиісінше орындалмауы бойынша жауапкершіліктен босатпайды.**

Талапкер материалдық залалды өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінді.

Талапкердің уәждеуі бойынша оның «Toyota Land Cruiser 100 VX» маркалы автокөлігі ақылы, жабық Жауапкердің автотұрағына қойылды. Жауапкер ақылы жабық автотұрағының иесі бола отырып, халыққа қызмет көрсете отырып, халыққа қызмет көрсету кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау нормалары мен ережелерін бұзды, өйткені қарапайым қолда бар өрт сөндіру құралдары болмады және бөтен мүлікті сақтау бойынша шаралар қабылданбады, бұл автотұрақтағы өртке және талапкердің автокөлігі мен басқа да көліктердің толық жойылуына әкелді. Жауапкер өзінің күзетшісі атынан автокөліктің сақталуын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенді, алайда қорғауға алынған мүліктің сақталуы бойынша сапасыз қызмет көрсету салдарынан Талапкерге тиесілі мүлік өртенді. Мәселен, Жауапкер ҚР Үкіметінің 30.12.2011 ж. қаулысымен бекітілген жабық автотұрақтарға арналған өрт қауіпсіздігі ережелерімен реттелген өрт қауіпсіздігі

саласындағы нормалар мен талаптарды бұза отырып, жабық автотұрақты пайдалануды жүргізді.

Жауапкер бұл талап арызбен келіспеді, Талапкердің мүлкіне зиян келтіруде Жауапкердің кінәсі жоқ екенін түсіндірді, өйткені өрт үшінші тұлғаның автокөлігінің өртенуінен болған. Жауапкер қызмет көрсету кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған, өйткені жабық автотұрақ өртке қарсы дабылмен және бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, автотұрақ аумағында қажетті құрал-жабдықтармен және өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған өрт қалқаны болған. Өрт орнына келген өрт сөндіру күзетінің қызметкерлері өртті жойғаннан кейін өрт себептерін анықтау мақсатында оқиға орнын толық тексерді және автотұрақ иесі тарапынан өртке қарсы қауіпсіздік нормаларының бұзушылықтары болған жоқ, өртке қарсы дабыл жарамды күйде болғанын растайды. Осылайша бұл бой бермейтін күш екеніне сілтейді.

Бірінші сатыдағы сот Талапкердің талап арызын қанағаттандырады. Сот отырысында өрттің үшінші тұлғаның әрекеті нәтижесінде пайда болғандығы және 2014 жылдың 6 ақпанында болған өрт ошағы Семей қаласы Достоевский көшесі, 95 мекен-жайы бойынша F581 USM 80 м/н «Audi» автокөлігінің мотор бөлігінде орналасқандығы анықталды. Автотұрақ иесінің талапкердің мүлкіне зиян келтіргендегі кінәсі сот отырысында зерттелген дәлелдемелермен, атап айтқанда бейнежазбалармен және айғақтармен дәлелденбеген және жоққа шығарылған, бірақ азаматтық заң бойынша кәсіпкердің қамқоршысына жоғары жауапкершілік жүктелген. ҚР АҚ-нің 779-бабының 1-тармағына сәйкес өзінің кәсіпкерлік қызметіне байланысты сақтауды жүзеге асыратын адам заттың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі еңсерілмейтін күшпен не заттың өзінің қасиеттерімен, не жүк берушінің пиғылымен немесе өрескел абайсыздығынан туындаған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы норманың тура түсіндірілуінен сақтаушы кәсіпкерді жауапкершіліктен босатудың негізі - бұл бой бермейтін күш, заттың өзі немесе жүк берушінің ниеті немесе өрескел абайсыздығы. Бұндай негіздер осы іс бойынша анықталмаған.

Апелляциялық сатының қаулысы бойынша шешім өзгеріссіз қалдырылды. Апелляциялық алқаның уәждеуі бойынша жалпы ереже бойынша сақтаушы кінә болған кезде сақтауға қабылданған заттың жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені үшін жауапты болады (ҚР АҚ-нің 779-бабы). Сақтаушы-кәсіпкердің жауапкершілігі кінәсіз де туындайды. Өзінің кәсіпкерлік қызметіне байланысты сақтауды жүзеге асыратын сақтаушы сақтауға тапсырылған заттың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі бой бермейтін күшпен не заттың өзінің қасиеттерімен, не жүк берушінің

пиғылымен немесе өрескел сақтықпен туындаған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Жауапкердің заңсыз мінез-құлық пен келтірілген зиян арасында себеп-салдарлық байланыс жоқ екендігі туралы дәлелдерін сот негізді түрде ескермейді, өйткені тараптар шарттық қатынастарда болғандықтан, осы қатынастарға сақтау шарты туралы ережелер қолданылады және сақтаушы-кәсіпкерге жоғары, кінәсіз жауапкершілік жүктеледі. Автотұрақ иесін сақтаушы-кәсіпкер ретінде жауапкершіліктен босатуға негіз жоқ екенін ескере отырып, бірінші сатыдағы сот материалдық зиянды өтеу бөлігінде талапкердің талап-арыз талаптарын қанағаттандыру туралы дұрыс шешім қабылдады.

Кассациялық сот алқасы алдындағы сот актілерін өзгеріссіз қалдырды. Сақтаушы-жауапкер сақтау шартының талаптарын бұзған, өйткені ол Талапкерге автокөлікті қайтармады. Сот алқасы Жауапкердің өрттің пайда болуына себеп болған үшінші тұлғаның автокөлігі екені, осы үшінші тұлға залалды өтеу бойынша жауапты болып танылуы тиісті екені, алдыңғы сот шешімдері заңға негізделмегені туралы уәждерін қабылдамайды. Кассациялық сот алқасы ҚР АҚ-нің 779-бабын оның ауызша білдіруінің тура мағынасына сәйкес, сақтаушы осы жүк берушінің ниеті немесе өрескел абайсыздығынан зақымдануы немесе жоғалуы салдарынан жүк берушіге қатысты заттың сақталмағаны үшін жауапкершіліктен босатылатындығын түсінеді. Затты сақтау кезінде жүк беруші Талапкер тарапынан пиғыл немесе өрескел абайсыздық болған жоқ, сондықтан Талапкердің автокөлігіне қатысты Жауапкерді затты жоғалтқаны үшін жауапкершіліктен босатыла алмайды. Осылайша, сақтаушы Жауапкер. Талапкерге оған келтірілген залалды өтеуге міндетті.